

ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев пен «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС акционері Нұрлан Артықбаев Ұлытау облысына жұмыс сапарымен келіп, өңірдегі стратегиялық маңызы бар өндірістік кәсіпорындар мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аралады.



Жұмыс сапары барысында делегация алдымен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің Жезқазған мыс балқыту зауытында болды. Кездесу барысында өндірісті жаңғырту, өнеркәсіптік қауіпсіздікті күшейту және экологиялық ахуалды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды. Еліміздің индустриалық секторындағы жетекші кәсіпорындардың бірі саналатын зауыттың өндірістік қуаты жылына 200 мың тоннаға дейін катодты мыс өндіруге мүмкіндік береді.

Бұдан кейін делегация Жезқазған байыту фабрикасы-

ның жұмысымен танысты. Жыл сайын 21 миллион тонна кен өңдейтін кәсіпорын 150 мың тонна мыс концентратын өндіреді. Өндірістік нысандарды аралау барысында технологиялық процестердің тиімділігі мен өндіріс көлемін арттыруға бағытталған жоспарлар қарастырылды.

Сапар аясында «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен Жезқазған қаласында жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік маңызы бар жобалардың орындалу барысы да назардан тыс қалмады.

Ұлытау облысында Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Іс-шара барысында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, мемлекеттік қызмет саласында абыройлы еңбек етіп, сала дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар қызметшіні мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттады.

Өңір басшысы өз сөзінде мемлекеттік қызметтің ел дамуының негізгі тіректерінің бірі екенін атап өтіп, мемлекеттік қызметшілердің өңірдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және мемлекеттік

саясаттың тиімді жүзеге асуына қосып отырған үлесіне жоғары баға берді.

Мерекелік жиында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ермек Ибикенов пен Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының бас инспекторы Айнагүл Даулеткелдинаға табысталса, «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі Ұлытау ауданы әкім аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы Алия Буралдинаға берілді.

►► 5-бетте

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМАЛ ҚОРҒАНЫ

Ұлытау облысында Қазақстан полициясы күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараға құқық қорғау органдарының басшылары, полиция ардагерлері және ішкі істер органдарының жеке құрамы қатысты.



Салтанатты шараға Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков қатысып, тәртіп сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – аса жауапты әрі абыройлы міндет. Бұл – үлкен кәсібилікті, бағыл-

дық пен табандылықты талап ететін қызмет. Сіздер тәулік демей, уақытпен санаспай ел қауіпсіздігі жолында аяпбай еңбек етіп келесіздер. Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Полиция күнімен шын жүректен құттықтаймын! – деді Дастан Алайұлы.

►► 5-бетте

ЫНТЫМАҚ ЫРЫСҚА БАСТАЙДЫ

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков «ForteBank» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Тимур Исатаевпен және Басқарма төрағасы Талғат Қуанышевпен кездесу өткізді.



Тараптар талқысы барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық әлеуеті және банк секторымен өзара ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Өңір басшысы Ұлытау облысының еліміздің жетекші индустриалық аймақтарының бірі екенін атап өтіп,

өңірде жүзеге асырылып жатқан ірі жобаларға қаржы институттарының белсенді қатысуы маңызды екенін жеткізді. «Ұлытау – жас облыс. Бүгінде өңірде тұрғын үй құрылысы, инфрақұрылымды жаңғырту, өнеркәсіп пен кәсіпкерлікті дамыту бағытында ауқымды жобалар қолға алынууда. Бұл бастамалардың табысты жүзеге

асуы қаржы институттарының қолдауымен тікелей байланысты. Сондықтан біз банк секторымен тиімді әріптестікті нығайтуға мүдделіміз. Өңірдегі инвестициялық жобаларды қолдап, бизнес пен тұрғындар үшін қолжетімді қаржылық мүмкіндіктерді кеңейтуге атсалысқанымдар, өзара ынтымақтастықты дамытуға әрдайым дайынбыз», – деді облыс әкімі Дастан Рыспеков.

Кездесу қорытындысына сәйкес, тараптар ұзақ мерзімді серіктестікті дамытуға ниетті екендерін білдірді. Сондай-ақ, ForteBank басшылығына Жезқазған қаласының батыс ауданындағы даму перспективалары таныстырылды. Оның нәтижесінде «ForteBank» АҚ өкілдері аталған ауданда банк ғимаратын салу жөнінде шешім қабылдап, өңірдегі қызмет аясын кеңейтуге қызығушылық танытты.

Ақтілек АҚТАҢҒЕР,

(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары негізінде әзірленді).

Ұлытау облыстық «SARYARQA» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

⇒ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:

- 1 жылға – 7000 теңге;
- 6 айға – 4000 теңге.

⇒ РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:

- 1 жылға – 5000 теңге;
- 6 айға – 3000 теңге.

⇒ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:

- 1 жылға – 10000 теңге;
- 6 айға – 6000 теңге.

⇒ РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:

- 1 жылға – 8000 теңге;
- 6 айға – 4000 теңге.

Есепшотқа аудару үшін РЕКВИЗИТТЕР:

«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС
БИН: 050340007333
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ, ЕСЕНБЕРЛИН КӨШЕСІ, 63/3
ИИК: KZ09856000005225027
«Центр Кредит Банк» АҚ
БИК: KCJBKZKX
«Kaspi Bank» АҚ, «Halyk Bank» АҚ
8 777 890 22 58 Жаннур Т.

Индекс
65608
(жеке тұлғалар үшін),

Индекс
66608
(заңды тұлғалар үшін).

Сондай-ақ, газетімізге «Қазпочта» АҚ бөлімшелерінен жазылуға болатынын хабарлаймыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ

Осындай айдармен Ұлытау облысында отандық өндірісті қолдауға және жергілікті кәсіпкерлердің әлеуетін танытуға бағытталған өңірлік көрме-байқауы ұйымдастырылды.



Аукымды шараға өңірдің 80-ге жуық кәсіпкері қатысып, өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Іс-шара Ұлытау облысы әкімдігі мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Ұлытау облыстық филиалының ұйымдастыруымен өтті.

Көрмеге нан және кондитерлік өнімдер, ет және сүт өнімдері, жартылай фабрикалар, тоқыма бұйымдары, былғары, киіз және күмістен жасалған коланер туындылары, ұлттық киімдер мен халық тұтынатын түрлі тауарлар қойылды. Аукымды шараға қатысқан облыс әкімі Дастан Рыспеков өңірде кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша өңірдің

9 кәсіпкерлік субъектісі арнайы номинациялар бойынша жеңімпаз атанып, марапаттар мен арнайы сыйлықтарға ие болды. Алдағы 2026 жылғы 21 шілдеде жартылай финалистер өңірлік бренд-комитет алдында өз бизнес-идеяларын қорғайды. Іріктеу нәтижесінде үздік 10 жоба анықталып, олар Ұлытау облысының атынан республикалық деңгейдегі көрме-жәрменкеге қатысады. Сонымен қатар финалистер кәсіптерін дамытуға арналған 5 миллион теңге көлеміндегі грантка үміткер болу мүмкіндігіне ие болады. Аталған байқау жергілікті өндірісті дамытуға, өңірлік брендтерді қалыптастыруға және кәсіпкерлердің жана нарықтарға шығуына жол ашатын маңызды алаң болып табылады.

ҚОС КӨРСЕТКІШ КӨШ БАСТАП ТҰР

Ұлытау облысы соңғы үш ай қатарынан құрылыс жұмыстары мен негізгі капиталға салынған инвестициялар көрсеткіштерінің өсу қарқыны бойынша республиканың үздік өңірлері қатарынан көрінді. Ал соңғы бес айдың қорытындысы бойынша өңір аталған екі негізгі көрсеткіш бойынша республикада бірінші орынға шықты.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, облыста орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 87,5 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,2 есеге артқан. Сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 125,4 млрд теңгеге жетіп, 2,5 есеге өсті.

Қол жеткізілген нәтижелер өңір экономикасының тұрақты даму қарқынын, инвестициялық ахуалдың жақсарып келе

жатқанын және жүзеге асырылып жатқан жобалардың тиімділігін көрсетеді.

Бүгінде Ұлытау облысында өнеркәсіп, тұрғын үй құрылысы, инфрақұрылым және әлеуметтік нысандар салу бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, жана жұмыс орындарын ашуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ЖАҢА ЕМХАНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жезқазған қаласында тәулігіне 250 келушіні қабылдайтын заманауи емхананың іргетасы қаланды. Үш қабатты медициналық нысанның жалпы аумағы шамамен 8 500 шаршы метрді құрайды. Жобаны «Верный Капитал» компаниялары тобының құрамындағы «Beeline» цифрлық операторы қолдап отыр.



Салтанатты рәсімге Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков пен қор директоры Анар Жұмағұлова қатысып, жана нысанның өңір тұрғындары үшін маңыздылығын атап өтті. «Жезқазған қаласының батыс ауданы – болашағы зор, қарқынды дамып келе жатқан аумақ. Алдағы жылдары мұнда 18 мыңға жуық тұрғын қоныстанады деп күтілуде. Жалпы шағын ауданда 80-нен астам көпқабатты тұрғын үй салу жоспарланған. Сондықтан заманауи әлеуметтік инфрақұрылымды

қатар дамыту – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Бүгін іргетасы қаланған емхана – сол жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі», – деді өңір басшысы Дастан Рыспеков.

Жана медициналық мекемеде консультантиялық-диагностикалық кабинеттер мен 15 орындық күндізгі стационар жұмыс істейді. Сонымен қатар, сәулелік диагностика бөлімшесі, клиникалық-диагностикалық

зертхана, амбулаториялық хирургия орталығы және әйелдер консультантиясы қарастырылған. Емхана аумағында жеке орналасқан ғимаратта тәулік бойы қызмет көрсететін тоғыз бригадалық жедел жәрдем станциясы ашылады. Бұл өз кезегінде тұрғындарға шұғыл медициналық көмекті жедел әрі сапалы көрсетуге мүмкіндік береді.

Ақтілек АҚТАҢҒЕР,
(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары негізінде әзірленді).

АЙМАҚ

• СӘТБАЕВ қаласы

150 ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қалада тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды жобалардың бірі – жаңа көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы биыл сәтті аяқталды. Жыл қорытындысы бойынша 3 көпқабатты тұрғын үй толық пайдалануға беріліп, жалпы саны 150 жаңа пәтер тұрғындардың игілігіне ұсынылды. Бұл қадам өңірдегі тұрғын үй мәселесін шешуге және халықтың баспанаға қолжетімділігін арттыруға елеулі үлес қосып отыр.

Жана тұрғын үйлер заманауи талаптарға сай салынған. Ғимараттардың инженерлік жүйелері толық жаңартылып, энергия үнемдеу технологиялары енгізілген. Аула аумақтары абаттандырылып, балалар ойын алаңдары мен демалыс аймақтары қарастырылған. Бұл өз кезегінде тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз ортада өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Аталған пәтерлер «Отбасы банк» арқылы тұрғындарға ұсынылуда. Бағдарлама аясында азаматтарға қолжетімді шарттармен баспана алу мүмкіндігі беріліп, бастапқы жарна мен пайыздық мөлшерлеме жағынан тиімді тетіктер қарастырылған. Бұл – әсіресе жас отбасылар мен баспана кезегінде тұрған азаматтар үшін үлкен қолдау.

Тұрғын үймен қамту саясаты – әлеуметтік

тұрақтылықтың маңызды тірегі. Жана пәтерлердің берілуі тек баспана мәселесін шешіп қана қоймай, қала инфрақұрылымының дамуына, құрылыс саласының жандануына және жана жұмыс орындарының ашылуына да ықпал етеді.

Соңғы жылдары өңірде тұрғын үй құрылысы қарқын алып келеді. Мемлекеттік бағдарламалар мен қаржылық институттардың қолдауының арқасында кезекте тұрған азаматтардың саны кезең-кезеңімен қысқарып, халықтың әлеуметтік көңіл-күйі жақсарып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады деп күтілуде. Жалпы алғанда, 150 жаңа пәтердің пайдалануға берілуі – қала дамуының нақты көрсеткіші. Әрбір жана үй – тек қабырға мен шатыр ғана емес, ол – жана үміт, жана өмір және болашаққа сенім.

• ҚАРАЖАЛ қаласы

САЯБАҚ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Қаражал қаласында қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртуға бағытталған ауқымды жобалардың бірі – Платон Кляцкий атындағы саябақты қайта құру жұмыстары басталды. Қала әкімдігі мен «Qarmet» ЖШС арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалып, жобаға ресми түрде старт берілді. Бұл бастама өңірдің әлеуметтік-мәдени дамуына серпін беріп, тұрғындар үшін жайлы демалыс ортасын қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі уақытта саябақты қайта жаңғыртуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірлену үстінде. Мамандардың айтуынша, құжаттамада саябақтың инженерлік-инфрақұрылымдық жүйелерін толық жаңарту, аумақты абаттандыру және заманауи талаптарға сай демалыс кеңістіктерін қалыптастыру қарастырылған. Жоба іске асқанда саябақ тек демалыс орны ғана емес, қала тұрғындарының бас қосатын мәдени және қоғамдық орталығына айналмақ.

Жаңғырту жұмыстары аясында жаяу жүргіншілер жолдарын қайта төсеу, жарықтандыру жүйесін толық жаңарту, жасыл желек аймақтарын кеңейту және балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын және спорт алаңдарын орнату жоспарланған. Сонымен қатар, демалушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында орындықтар, көлеңкелі аймақтар және шағын сәулеттік нысандар орналастыру көзделіп отыр.

Қала әкімдігі мен «Qarmet» ЖШС арасындағы әріп-

тестік бұл жобаның сапалы әрі уақытлы жүзеге асуына мүмкіндік береді. Мұндай әлеуметтік жауапкершілік аясындағы ынтымақтастық өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртуға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып саналады.

Жобаның тағы бір маңызды тұсы – экологиялық тепе-теңдікті сақтау. Саябақ аумағындағы жасыл желектерді көбейту, ағаштарды күтіп-баптау және табиғи ортаны қорғау шаралары да назардан тыс қалмайды. Бұл қала экожүйесін жақсартуға және тұрғындар үшін қолайлы микроклимат қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоспарға сәйкес, жаңартылған Платон Кляцкий атындағы саябақты Кеңшілер күні мерекесіне орай пайдалануға беру көзделіп отыр. Бұл күннің таңдалуы да символикалық мәнге ие – себебі жоба Қаражал қаласының еңбек адамдарына және олардың еңбегіне деген құрметтің көрінісі ретінде жүзеге асуда.

• ҰЛЫТАУ ауданы

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Ұлытау аудандық мәдениет үйінде адам өмірі мен денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға арналған салтанатты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Бұл шара – медицина қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды рөлін айқындап, олардың еңбегіне деген құрметті білдіретін ерекше басқосу болды.

Мерекелік жиынға ауданның медицина саласының мамандары, сала ардагерлері және құрметті қонақтар қатысты. Салтанатты шара барысында Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков құттықтау сөз сөйлеп, денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Әкім өз сөзінде Мемлекет басшысының қолдауымен аудан көлемінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту, медициналық қызмет сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, соңғы жылдары аудандық емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға және шалғай елді мекендердегі тұрғындардың қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік беріп отыр.

Мерекелік кеш барысында денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қажырлы еңбек етіп, ел игілігі жолында аянбай қызмет көрсеткен мамандарға ерекше құрмет көрсетілді. Халық денсаулығын сақтау ісіндегі ерен еңбегі үшін бірқатар сала үздіктері арнайы номинациялармен марапатталып, Ұлытау ауданының Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар, саналы ғұмырын медицина саласына арнаған 25 ардагерге ерекше ілтипат көрсетіліп, Ұлытау аудандық ауруханасы атынан сый-сыяпаттар табысталды. Ардагер дәрігерлердің еңбегі – жас мамандар үшін үлгі әрі кәсіби мектеп екені атап өтілді.

Салтанатты жиын концертті бағдарламаға ұласып, мәдениет үйінің онерпаздары мен жас таланттар мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ән мен күй, жылы лебіздер медицина қызметкерлерінің еңбегіне деген алғыстың жарқын көрінісіне айналды.

• ЖАҢААРҚА ауданы

АУДАНДА ЭТНОФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ

Республикалық Әкелер күні қарсаңында Жаңаарқа ауданындағы «Амангелді ордасында» «Әке өнегесі – ұрпаққа аманат» атты мазмұнды аудандық этнофестиваль ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, әке мәртебесін көтеру және ұлттық тәрбиенің өзегін жаңғырту болып табылады.

Этно-фестиваль ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің рөлін кенінен насихаттап, ұлттық салт-дәстүрлерді жастар арасында дәріптеуге бағытталды. Шара барысында қазақ қоғамындағы әке институтының тарихи және тәрбиелік мәні ерекше атап өтіліп, бүгінгі қоғамдағы оның жауапкершілігі мен беделі туралы кенінен айтылды.

Фестивальдің ашылу салтанатында Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Әсет Аманжолов құттықтау сөз сөйлеп, аудан тұрғындарын мерекелен құттықтады. Ол өз сөзінде әкенің отбасы мен қоғамдағы орны айрықшы екенін атап өтіп, ұлттық құндылықтарды сақтау мен оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуде әкелердің рөлі зор екенін жеткізді. Сондай-ақ, отбасы берекесі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі – жауапты әкелік болмыс екеніне тоқталды.

Іс-шара барысында аудандық мәслихат депутаты, аудандық Әкелер кеңесінің төрағасы Қайсар Сейіпшов те сөз алып, отбасы институтын нығайту, әке беделін арттыру және өнегелі тәрбиенің маңыздылығы жөнінде ой-пікірін ортаға салды. Ол бүгінгі қоғамда әке тәрбиесінің


рухани және әлеуметтік маңызы арта түскенін атап өтті.

Этно-фестиваль аясында ұлттық ойындар мен дәстүрлерді дәріптейтін арнайы алаңдар ұйымдастырылды. Қатысушылар шеге қағу, шалма лақтыру сияқты ұлттық ойындарға белсене қатысып, қазақ халқының бай мәдени мұрасымен жақынырақ танысты. Сонымен қатар, коланер шеберлерінің көрмесі көпшілік назарына ұсынылып, жастарға арналған танымдық және тәрбиелік бағыттағы шаралар өткізілді.

Шараның ерекше сәттерінің бірі – өнегелі әкелерді ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған марапаттау рәсімі болды. Бірқатар азаматтар әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды. Атап айтқанда, «Ардақты әке» номинациясы – Журналбек Әділханова, «Үздік әке» номинациясы – Семен Саможоновка, «Өнегелі әке» номинациясы – Қайсар Сейіпшовке, «Белсенді әке» номинациясы – Аян Сүлейменовке табысталды.

Бұл марапаттар – әке еңбегін, отбасындағы жауапкершілігін және қоғамға қосқан үлесін бағалаудың айқын көрінісі болды.

БІЗДІҢ
СҰХБАТ



Қазақ қоғамының тарихи жады мен рухани құндылықтарын жаңғырту бағытында еңбек етіп жүрген азаматтардың бірі – «Құрмет» орденінің иегері, техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның Құрметті металлургі, Қарағанды облысының және Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Төлеген Нұрмағанбетұлы БҮКІРОВ.

Өндіріс пен ғылым саласында мол тәжірибе жинақтаған Төлеген Нұрмағанбетұлы бүгінде қоғамдық қызметті де қатар алып жүр. Ол жетекшілік ететін «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі ұлттық тарихты насихаттау, елге еңбегі сіңген тұлғаларды ұлықтау және жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Осы орайда «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің қазіргі тыныс-тіршілігі, негізгі бағыт-бағдары мен алдағы жоспарлары жөнінде, сондай-ақ қоғам қайраткерінің азаматтық ұстанымы мен ой-толғамдары туралы әңгіме өрбітуді жөн көрдік.

Төлеген БҮКІРОВ, «Қазақтың Кетбұқасы» ҚБ төрағасы:

«КЕТБҰҚАНЫ ҰЛЫҚТАУ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚЫЗМЕТ»

– Төлеген Нұрмағанбетұлы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігін құруға не түрткі болды және ұйымның басты мақсаты қандай? Әңгімемізді осы сауалдан бастайықшы.

– Ес білгеннен бері халқымыздың рухани мұрасына айналған «Ақсақ құлан» күйін тыңдап өстік. Кетбұқа баба туралы аңыздар мен тарихи деректер бізге ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Алайда осындай ұлы тұлғаның өмірі мен қызметін ғылыми тұрғыдан зерттеу, оның мемлекетшілдік мұрасын кеңінен насихаттау ісі әлі де жүйелі қолға алынбағанын байқадық. Осы мәселе төңірегінде өңірмізге белгілі аға буын өкілдері – Сұлтан Сүтбаев, Тағанбай Шамбұлов, Дүйсенбай Ахметов, Мәлік Омаров, Мүсілім Токтамысов, Шахман Асансейітов, Батырбек Мырзабеков және жастардан Алияр Жараспаев, ағайынды Мұрат пен Бауыржан Шыңғысовтар, Жамбыл Нұрманов бас қосып, Кетбұқа бабаның өмір жолын зерттеу, тарихи тұлғаны халыққа кеңінен таныту мәселелерін талқылады. Ақылдаса келе, бұл істі бірізді әрі жүйелі жүргізудің тиімді жолы қоғамдық бірлестік құру деген шешімге келдік. Сөйтіп, 2013 жылдың 23 қазанында Жезқазған қаласындағы Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының ғимаратында Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданы тұрғындарының қатысуымен жалпы жиналыс өтті. Оған 284 адам қатысып, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігін құру туралы шешім қабылданды. Жиналыста бірлестіктің Жарғысы бекітіліп, басқарма және тексеру комиссиясының мүшелері сайланды. Кейін ұйым Қарағанды облысының Әділет басқармасында заңды түрде тіркеліп, қоғамдық қор құрылды, әлеуметтік желілерде ақпараттық алаңдар ашылды.

Қоғамдық бірлестікті құрудағы басты мақсат – Кетбұқа бабаның тарихи тұлғасын жан-жақты зерттеу, оның мемлекет қайраткері, қолбасшы, жырау, күйші ретіндегі мұрасын халыққа жеткізу және ұлттық санада лайықты орнын айқындау болды. Өйткені Кетбұқа – тек Ұлытау өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының тарихындағы аса ірі тұлғалардың бірі. Оның есімі ел бірлігімен, даналықпен, мемлекетшілдікпен және рухани мұрамен сабақтасып жатыр. Бірлестік құрылған күннен бастап оқу орындарында, еңбек ұжымдарында, мәдениет мекемелерінде көптеген кездесулер, ғылыми-танымдық іс-шаралар өткізіп келеді. Кетбұқа баба туралы тарихи деректерді жинақтау, зерттеушілердің еңбектерін насихаттау, жастардың тарихи танымын кеңейту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар, ұйымның негізгі мұраттарының бірі – Жезқазған қаласында Кетбұқа бабаға еңселі ескерткіш орнату. Бұл тек бір тұлғаны ұлықтау емес, халқымыздың тарихи жадына тағзым ету, ұлт руханиятын нығайту және келер ұрпаққа оңеке болатын құндылықтарды доріктеу деп білеміз. Сондықтан «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі құрылған күннен бастап тарихи әділетшілікті қалпына келтіру, ұлттық құндылықтарды ұлықтау және елдік сананы нығайту жолында қызмет етіп келеді.

– Әлгізде «жастардың тарихи танымын кеңейту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда» деп қалдыңыз ғой, соны толықтыра түссек. Кетбұқа бабаның тарихи тұлғасын бүгінгі ұрпаққа таныту бағытында қандай нақты жұмыстар атқарылып жатыр?

– Иә, Қоғамдық бірлестік құрылғаннан бері Кетбұқа бабаның тарихи тұлғасын бүгінгі ұрпаққа таныту, оның мұрасын ғылыми және мәдени тұрғыда кеңінен насихаттау бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Ең алдымен, Кетбұқа мұрасына арналған көптеген ғылыми-танымдық еңбектер мен жинақтар жарық көрді. Атап айтқанда: «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» (2014), Ш. Ибадатовтың «Ұлы баба есімі дәріптелді» (2014), Ж. Артықбаевтың «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» тарихи-танымдық романы (2015), К. Балкенов құрастырған «Ұлылыққа тағзым – ұрпаққа тағзылым» (2017), жас ғалымдар баяндамалар жинағы (2018), «Қазақ жеріндегі саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2020), «Ұлытауым – Ұлы Дала киесі» республикалық мұшәйра жинағы (2020), «Аңыз тұлға, абыз тұлға – Кетбұқа» жас ақындар жинағы (2022), сондай-ақ С. Бүкіровтің «Өлке тарихы – халық тарихының арнасы» (2021) еңбегі жарық көрді.

2015 жылы 5 маусымда Жезқазған қаласындағы театр ғимаратында күйші, профессор Жанғали Жүзбайдың «Ақсақ құлан. Кетбұқаның күй мұрасы» жинағының тұсаукесері өткізілді. Жарық көрген барлық кітаптар мен жинақтар республика, облыс кітапханаларына және оқу орындарына таратылды.

Ғылыми бағыттағы жұмыстар да қарқынды жүргізілді. 2015 жылы 20 ақпанда Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Қазақ елінің қаһармандық тарихы және Кетбұқа тұлғасы» атты конференция өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері – Өмірбек Байгелді, Ғарифолла Есім, Мұханбет Көпеев, Қойшығара Салғараұлы, Жекен Қалиев, сенатор Серік Ақылбай, академик Сейіт Қасқабасов қатысып, мазмұнды пікірлер білдірді. Сонымен қатар белгілі ғалымдар – Дихан Қамзабекұлы, Рақымжан Тұрысбек, Жанат Әскербекқызы, Тұрсын Жұртбай, Жамбыл Артықбаев, Қаржаубай Сартқожаұлы, Омар Темірбекұлы және басқа зерттеушілер ғылыми баяндамалар жасады. Жезқазғаннан арнайы делегация қатысып, Бағдат Байжантаев, Алмұхан Ысмағұл, Сағындық Қожамсейітов, Кенжебай Ахметов, Қабдол Әуезов, Нұрлан Бөкіров сынды азаматтар ой бөлісті.

2016 жылы Өскемен қаласында, 2019 жылы Жезқазғанда Кетбұқаға арналған республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өтті. 2017 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «X–XIII ғасырлардағы түркі қоғамы және оның тарихындағы Кетбұқаның орны» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Бұл басқосулар Кетбұқа тұлғасын түркі әлемі деңгейінде зерттеуге жол ашқан маңызды алаңдарға айналды.

Мәдени-рухани бағыттағы жұмыстар да кең көлемде жүргізілді. Жезқазған қаласында үш мәрте (2019, 2021, 2025 жылдары) «Ақсақ құлан. Кетбұқа би күйлері» атты халықаралық күйшілер конкурсы өткізілді. Байқауға Қытай, Моңғолия және Қазақстанның әр өңірінен өнерпаздар қатысты. Арнайы қонақтар қатарында Секен Тұрысбеков, Шәмші Әбілтай, Рамазан Стамғазиев, Біләл Ысқақов, Жанғали Жүзбай, Ардаби Мәулет, сондай-ақ Қытай Халық Республикасынан Бейліхан Қалиақпарұлы, Қырғыз Республикасынан Закирбек Дүйшенбіұлы, Талғат Мұқыш секілді өнер иелері болды.

Сонымен қатар, «Ұлытауым – Ұлы дала киесі», «Елдік пен ерліктің жиырмамыз», «Аңыз тұлға, абыз тұлға – Кетбұқа» тақырыптарында республикалық ақындар мұшәйралары, жас өлкетанушылар байқаулары ұйымдастырылып, олардың үздік туындылары жинақ болып жарық көрді.

Ең ірі тарихи жетістіктердің бірі – 2017 жылы Жезқазған қаласында Кетбұқа бабаға арналған еңселі ескерткіштің орнатылуы және келесі жылы оның жанынан мемориалдық кешеннің салынуы. Бұл игі іске «Қазақмыс» корпорациясы қаржылай қолдау көрсетті. Қоғамдық бірлестік шешімімен ескерткіш пен мемориалдық кешен Жезқазған қаласы әкімдігіне салтанатты түрде сыйға тартылды.

Сондай-ақ бірлестік бастамасымен Кетбұқа медалі әзірленіп, оның ережесі бекітілді. Бүгінгі күнге дейін бұл медальмен 114 тұлға марапатталып, Кетбұқа мұрасын насихаттауға үлес қосқан азаматтардың еңбегі бағаланып келеді.

– Ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды насихаттауда қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай деп ойлайсыз?

– Ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды насихаттауда қоғамдық ұйымдардың рөлі айрықша деп ойлаймын. Өйткені бұл – тек бір саланың немесе белгілі бір мекеменің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Халқымыздың ғасырлар бойы аңсап жеткен Тәуелсіздігі – бабалардың арманы болған, ұрпағының қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті ұғым. Еліміз еркіндік алғаннан бері ғана ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді, салт-дәстүріміз бен рухани құндылықтарымызды түгендеп, қайта зерделеуге мүмкіндік алдық. Осы жолда Қазақстан Үкіметі де, түрлі қоғамдық ұйымдар да ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Тарихтың терен қабаттарына үңіліп, әрбір тас бетінде қалған таңбалар мен деректерге назар аудару арқылы біз бабаларымыздың өмір сүрген дәуірін, олардың мемлекетшілдік жолындағы күресін, рухани әлемін танимыз. Қанды қырғын шайқастар, Қазақ хандығын құру жолындағы тарихи қадамдар, ұлт-азаттық көтерілістер, елді ауыртпалыққа салған ашаршылық пен қуғын-сүргін – мұның бәрі тәуелсіздіктің құнын терен түсінуге негіз болатын тарихи сабақтар.

Қоғамдық ұйымдардың ерекшелігі – олардың еріктілік негізінде жұмыс істеуі. Бұл салада еңбек ететін азаматтар жалақысыз, өз еріктерімен, бос уақыттарын сарп етіп, ортақ мақсат жолында қызмет етеді. Сондықтан қоғамдық ұйымдардың тарих пен рухани құндылықтарды насихаттаудағы үлесі – шынайы ниет пен азаматтық жауапкершілікке негізделген маңызды құрылған «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі құрылған күннен бастап осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Айтуға оңай

болғанымен, әрбір іс-шараның артында үлкен дайындық, ізденіс және жауапкершілік тұратынын сол іске тікелей араласқан азаматтар жақсы біледі. Бұл жолда еңбек етіп жүрген белсенді мүшелерімізді ерекше атап өткен жөн. Олар: Сұлтан Сүтбаев, Ғазиз Ештанбаев, Кенжал Балкенов, Батырбек Мырзабеков, Алияр Жараспаев, Мұрат Шыңғысов, Азизат Қоянбаева, Раушан Қапарова, Сабыржан Тембаев, Қабдол Әуезов, Кенжебай Ахметов, Дәметкен Орынбарова.

Сонымен қатар, бірлестік жұмысының бастауында тұрған, осы істің іргетасын қалаған ағаларымыз – Дүйсенбай Ахметов, Тағанбай Шамбұлов, Мүсілім Токтамысов, Бейсен Жолдыбаев – бүгінде арамизда болмаса да, олардың еңбегі мен қалдырған рухани ізі әрдайым құрметке лайық. Олардың рухы алдында тағзым етеміз, жандары жәннатта болсын.

Жалпы алғанда, ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды насихаттауда қоғамдық ұйымдардың рөлі зор. Олар мемлекет пен қоғам арасындағы рухани көпір іспетті қызмет атқарып, тарихи жадыны жаңғыртуға, ұлттық сананы күшейтуге және келер ұрпаққа тағзымды мұра қалдыруға үлес қосып келеді.

– Жастардың тарихқа, соның ішінде Кетбұқа мұрасына қызығушылығын арттыру үшін қандай жобалар қазірет деп ойлайсыз?

– Жастардың тарихқа, соның ішінде Кетбұқа мұрасына қызығушылығын арттыру – бүгінгі күннің ең маңызды міндеттерінің бірі. Өйткені тарихи сана қалыптаспайынша, ұлттық рух та толық орнықпайды. Осы бағытта «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі тарапынан атқарылып жатқан және алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыстардың негізгі өзегі – жас буынға бағытталған жобалар. Аймағымыздағы оқу орындарында оқушы және студент жастармен Кетбұқа таныу тақырыбында жүйелі кездесулер өткізіліп тұрады. Жезқазған, Сәтбаев қалаларының әкімдігімен бірлесіп, Кетбұқа баба және өңір тарихына арналған мектеп оқушылары арасындағы өлкетанушылар сайыстары ұйымдастырылды. Бұл шаралар жастардың туған жер тарихына деген қызығушылығын оятып, зерттеушілік қабілетін дамытуға ықпал етті.

Сонымен қатар, екі мәрте республикалық жас ақындар мұшәйрасы өткізілді. Жеміпваздар мен жүздегерлерге қаржылай сыйлықтар мен арнайы дипломдар табысталды. Кетбұқа бабаға арналған өлеңдерді мәнренлеп оқудан да жастар арасында байқаулар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Мұндай шығармашылық жарыстар жас ұрпақтың тарихи тұлғаға деген құрметін арттырып қана қоймай, рухани танымын кеңейтеді.

Кетбұқаға арналған түрлі мәдени-танымдық іс-шараларға жастарды көптеп тарту да – бірлестіктің басты ұстанымдарының бірі. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де кеңейтілуі қажет екені анық. Себебі, тарихи танымды жүйелі түрде қалыптастыру – үздіксіз жүргізілетін ұзақ процесс. Осы орайда маңызды бір ғылыми-құжаттық негізге тоқтала кеткен жөн. 2017 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы университетте өткен «X–XIII ғасырлардағы түркілер қоғамы және оның тарихындағы Кетбұқаның рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қорытынды қаулысында Кетбұқа бабаның өмір жолын мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының тарих пәні бағдарламаларына енгізу қажеттігі жөнінде нақты ұсыныс қабылданған болатын. Бұл – тарихи тұлғаны жүйелі түрде білім беру саласына енгізудің ғылыми негізі.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзінде Қазақстанның осы ұлы империяның тікелей мұрагері екенін атап өтіп, Алтын Орда жылнамасын адамзат тарихының ортақ мұрасы ретінде жүйелі зерттеу қажеттігін ерекше айтты. Бұл бағытта Қазақстанның Жошы Ұлысы мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау ісіндегі жетекші ғылыми орталықтардың бірі ретінде танылып отырғаны да маңызды.

2026 жылы Алтын Орда тарихына байланысты үш бірдей ірі тарихи дата атап өтілмек. Оның бірі «Ақсақ құлан» күйінің 800 жылдығы, екіншісі – Бату ханның Алтын Орда тағына отырғанына 800 жыл, үшіншісі – Жошы Ұлысы билеушілерінің резиденциясы – Ақ Орданың 800 жылдығы. Бұл даталар – жас ұрпақ үшін тарихты тереңірек таныту үлкен мүмкіндік.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихының 7 томдық академиялық басылымы дайындалу үстінде. Бұл еңбек еліміздің тарихын жаңаша ғылыми тұрғыдан жүйелеуге негіз болып, мектеп пен жоғары оқу

орындарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың басты ғылыми тірегіне айналады деп күтіледі. Жастарға өз төл тарихын оқуға, зерттеуге кең жол ашылып отыр. Ендігі міндет – сол мүмкіндікті тиімді пайдалану. Ол үшін ең бастысы – ізденіс, ынта және үздіксіз оқу.

– «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің алдағы жоспарлары қандай және қоғамнан қандай қолдау күтесіздер? Осы сауалмен әңгімемізді түйіндесек.

– «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің алдағы жоспарлары ауқымды әрі жүйелі түрде жалғасын табатын рухани-мәдени бағыттағы жұмыстармен байланысты. Әңгімемізді түйіндей келе, ең алдымен бірлестік тарапынан жүзеге асқан және алдағы уақытта да жалғасын табатын жобаларға тоқталғым келеді. «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің тапсырысымен «Ұлытау» сериясы бойынша бірқатар құнды еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда: «Баба тауым – Бақ тауым», «Жыр арқауы – Ұлытау», «Дәридай – жүрек», «Туларға таулар тамсанар» жыр жинақтары, сондай-ақ «Кенесары хан», Баубек Бұлқышевтың «Өмір сүргім келді...», «Жошы хан» және «Ұлытау кереметтері» кітаптары оқырманға жол тартты.

Бірлестіктің ұсынсымен 2025 жылы бірқатар ірі ғылыми-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Ұлытау облысы әкімдігінің қолдауымен Жезқазған қаласында «Жошы хан және Алтын Орда: тарих, мұра және Ұлы Дала өркениеті» атты халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті. Бұл жынға Ресей Федерациясы, Венгрия, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстанның жетекші ғалымдары қатысып, маңызды ғылыми баяндамалар жасады.

Сонымен қатар, Ұлытау облыстық тарихи-археологиялық музеймен бірлесіп «Туған өлке тарихының шырақтары» атты облыстық жастар мен жасөспірімдердің ғылыми жобалар форумы ұйымдастырылды. Сәтбаев қаласы әкімдігінің қолдауымен Ш. Уәлихановтың 190 жылдығына арналған облыстық «Жас өлкетанушылар» байқауы өтті. Бұдан бөлек, «Түркі халықтарына ортақ тұлға Кетбұқа бидің туғанына 840 жыл» атты республикалық жазба ақындар мұшәйрасы да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Ұлытау облысы әкімдігі тарапынан қаржылай қолдау көрсетілді.

Бірлестік тек ғылыми және мәдени шаралармен шектелмей, баспа ісін де жүйелі түрде дамытып келеді. Мәселен, Мұқан Иманжановтың «Адам туралы аңыз» атты прозалық шығармалар жинағы баспаға дайындалды. Сонымен қатар, халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың шығармалары ғылыми айналымға енгізіліп, қолжазбалар М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қорларынан жинақталып, кирилл қарпіне түсіріліп және қазақ тіліне аударылды. Бұл жұмысқа екі жылдан астам уақыт жұмсалып, нәтижесінде 620 беттен тұратын көлемді еңбек дайын болды. Аудармашы-ғалыммен арнайы келісім жасалып, жұмыс толық аяқталды, қаржылық есеп толық өтелді. Алдағы уақытта бұл екі жинақ кітап болып жарық көреді деп жоспарлануда.

Биылғы жылы И. Жылқайдаровтың 140 жылдығы, ал Ұлытаудың қос қыраны – Б. Бұлқышев пен М. Иманжановтың 110 жылдық мерейтойлары атап өтіледі. Осыған орай кітаптар жарық көрген соң, оларды Жезқазған қаласы мен Ұлытау облысының аудандарында кең көлемде таныстыру, оқырманмен кездесулер өткізу жоспарланып отыр.

2026 жылға арналған жоспарлар қатарында жас өлкетанушылар конкурсы, республикалық күйшілер сайысы және ақындар мұшәйрасы сияқты ауқымды мәдени шаралар да бар. Бұл бастамалардың барлығы жастардың тарихи танымын арттыруға, ұлттық рухты нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар жазушы Ұларбек Дәлейдің «Жошы хан» тарихи романынан кейін Кетбұқа баба туралы жаңа тарихи роман жазуға кіріскені де – қуанышты жаңалық. Ал жазушы әрі ғалым Кенжебай Ахметовтің «Алтын бұғаулы арыстан» атты Кетбұқа туралы пьесасын сахналау жұмыстары да қолға алынуда.

Алдағы уақытта «Ұлытау» сериясы аясында жаңа кітаптар шығару да жоспарымызда бар. Егер қоғам тарапынан қолдау болса, Кетбұқа баба мұрасын тереңірек зерттеп, оның тұлғасын жан-жақты ашатын тың ғылыми, әдеби және мәдени жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

Қорыта айтқанда, мақсатымыз айқын: Кетбұқа баба мұрасын ұрпақ санасына сіңіру, ұлттық тарихты жаңғырту және Ұлы Дала өркениетінің рухани кеңістігін кеңейту.

– Әңгімемізге рақмет.

Сұхбаттасқан Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

ДОСТЫҚ
ӨЗІЛДЕРMyrzatay
Temirbekovke

«Тіл» деп тыным таппадың,
Тарихтың да
шарлап аспанын.
Педколледжде жүрсен де,
Жаздың сен қала
«дастанын».

Бүгінде кеттің жырақтап,
Колледжде жүрсін тұрақтап.
Айтарым бар саған,
Мырзатай,
Сөзімді тыңда құлақ сап.

Бар сенің әлі жазарың,
Тарқатпа қалам базарың.
«Сарыарқан» сенен күтеді,
Қаланың түрлі хабарың.

Bekzat
Yimbetovke

Қарттар мен
жұртын ауылдың,
Жаздырған газет-журналға.
Сыйлысы болған қауымның,
Бекзаттай жомарт жан
бар ма?!

Жағдайын ойлап
«ауырдың»,
Қазақ тілді БАҚ-тардың.
Өтінде қаржы-дауылдың,
Қалтанды талай ақтардың.

Бөліскен жан ең ауырын,
Арқалаған жүгімің.
Болса екен сендей бауырым,
Атымтайы бүгіннің.

Әріптестермен әзілдеген
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

28 МАУСЫМ –
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ...

ДӘУІР ӨЗГЕРГЕНІМЕН,
МІНДЕТ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Қазіргі баспасөз бұрынғы дәстүрлі газет-журнал кеңістігінен әлдеқайда кең ақпараттық ортаға айналды. Бір кездері қоғамның негізгі ақпарат көзі газет болса, бүгінде бұл рөлді сайттар, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалар бөлісіп отыр. Соған қарамастан, баспасөздің басты миссиясы – шынайы ақпарат тарату, қоғамдық ой қалыптастыру және билік пен халық арасындағы көпір болу. Ол – өзгерген жоқ.

Бүгінгі медианың ең үлкен ерекшелігі – жылдамдық. Ақпарат бұрын бірнеше күнде жетсе, қазір бірнеше секундта тарайды. Бұл бір жағынан артықшылық болса, екінші жағынан жауапкершілікті күшейтті. Өйткені жылдамдық артқан сайын қателікке ұрыну, тексерілмеген ақпараттың таралу қаупі де көбейді. Сондықтан кәсіби журналистиканың салмағы бұрынғыдан да маңызды бола түсті.

Екінші маңызды өзгеріс – аудиторияның рөлі. Бұрын оқырман тек қабылдаушы болса, қазір ол пікір білдіруші, талдаушы, тіпті ақпарат таратушыға айналды. Бұл медиа кеңістікті демократияландырағанымен, ақпарат сапасына қойылатын талапты да күшейтті. Себебі кез келген адам контент жасаушы бола алатын ортада кәсіби журналисттің айырмашылығы, тексерілген дерек пен жауапкершілікте.

Дегенмен, цифрлық дәуірдің қиындықтары да жоқ емес. Тәуелсіз басылымдардың

қаржылық тұрақтылығы, жарнама нарығының өзгеруі, оқырманның назарын ұстап тұру мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Көптеген редакциялар жаңа форматтарға бейімделіп, мультимедиялық журналистикаға көшіп жатыр.

Сонымен қатар, бүгінгі баспасөздің тағы бір міндеті – ақпараттық қауіпсіздік. Жалған ақпарат, манипуляция, фейк жаңалықтар қоғамға ықпал ететін күшке айналған заманда, медиа шындық пен өтірікті ажырататын сүзгі қызметін атқаруы тиіс.

Қорытындылай айтқанда, баспасөздің форматы өзгерді, алайда оның өзегі – қоғамға қызмет ету сол күйінде қалды. Технология дамыған сайын журналистиканың жауапкершілігі де артып келеді. Сондықтан бүгінгі баспасөздің болашағы жылдамдықта емес, сенім мен сапада жатыр.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
«Шарайна» газетінің
редакторы.

БЛИЦ-САУАЛНАМА

ОҚЫРМАН
ПІКІРІ

Баспасөзден гөрі «басқа сөздің» бәсі басым болып тұрған қазіргі заманда оқырмандардың газетке, жалпы БАҚ саласына деген көзқарасы біз үшін өте маңызды.

Осы орайда біз қала тұрғыны Айдос НҰРЛАНҰЛЫМЕН қысқаша блиц-сауалнама жүргізіп, оның бүгінгі ақпарат кеңістігіне деген пікірін білген едік.

- Сіз жаңалықты қайдан оқисыз, газет, сайт әлде әлеуметтік желі?
- Көбіне әлеуметтік желі мен жаңалық сайттарынан оқимын.
- Күніне жаңалық оқуға қанша уақыт бөлесіз?
- Шамамен 30–40 минут.
- Ең көп оқитын тақырыбыңыз қандай?
- Қоғамдық және аймақтық жаңалықтар.
- Газет оқисыз ба?
- Сирек, көбіне онлайн нұсқасын қараймын.
- Сенімді ақпаратты қалай ажыратасыз?
- Бірнеше дереккөзбен салыстырып, ресми сайттарға қараймын.
- Фейк жаңалықпен әкпі кездесесіз бе?
- Иә, әсіресе әлеуметтік желіде жиі кездеседі.
- Теледидар жаңалықтарына сенесіз бе?
- Негізінен сенемін, бірақ қосымша тексеріп аламын.
- Журналистер жұмысы бағаланады деп ойлайсыз ба?
- Жеткілікті деңгейде емес деп ойлаймын.
- Сіз үшін жақсы жаңалық деген не?
- Шынайы әрі нақты дерекке сүйенген ақпарат.
- Қайсысы ыңғайлы, қысқа пост па, толық мақала ма?
- Қысқа пост ыңғайлы, бірақ маңызды тақырыпты толық оқимын.
- Жаңалықты көбіне кіммен бөлісесіз?
- Достарыммен және WhatsApp арқылы.
- Бүгінгі БАҚ-тың ең үлкен мәселесі қандай?
- Фейк ақпараттың көптігі.
- Қай платформадан ақпаратты көбірек тұтынасыз?
- Telegram және жаңалық сайттары.
- Журналистерге қандай тілек айтар едіңіз?
- Тек шынайы ақпарат таратып, жауапкершілікті күшейтсе екен.
- Бір күнге редактор болсаңыз, не өзгертер едіңіз?
- Нені болса да ақиқатын айтып, ашығын жазар едім.

Сауалнаманы жүргізген
Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

БРИФИНГ

ВОЛОНТЕРЛІК –
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА САПАСЫ

Қазақстанда волонтерлік қозғалыс соңғы жылдары қарқынды дамып, азаматтық қоғамның маңызды тіректерінің біріне айналып келеді. Қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілік мәдениетінің нығаюы, жастардың белсенді азаматтық ұстанымы және әлеуметтік жобаларға қатысуының артуы – осы саланың жүйелі түрде кеңейіп жатқанын көрсетеді.

Осы бағыттағы өзекті мәселелер мен жетістіктер Ұлытау облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте талқыланды. Брифинг барысында «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Айбек Аянбергелұлы Досымбетов Қазақстандағы волонтерлік қозғалыстың қазіргі даму динамикасына кеңінен тоқталды.

Спикердің айтуынша, Қазақстанда волонтерлік соңғы алты жыл ішінде тұрақты өсім көрсетіп отыр. Бұл тек уақытша үрдіс емес, жүйелі түрде қалыптасқан әлеуметтік институтқа айналғанын дәлелдейді. Волонтерлік қызметтің кеңеюі қоғамдағы азаматтық жауапкершіліктің күшейгенін білдіреді. Ең маңызды көрсеткіштердің бірі – волонтерлік ұйымдардың көбеюі. 2020 жылы елімізде 224 волонтерлік ұйым тіркелсе, 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 810-ға жеткен. Бұл – шамамен төрт еселік өсім. Мұндай динамика өңірлерде де, ірі қалаларда да волонтерлік бастамалардың белсенді түрде дамып жатқанын көрсетеді. Ұйымдардың көбеюі әлеуметтік жобалардың сапасы мен ауқымының артуына ықпал етуде.

Елдегі белсенді волонтерлер саны да айтарлықтай артқан.

2020 жылы 50 мың адам болса, 2025 жылы олардың саны 300 мыңнан асқан. Бұл – алты еседен жоғары өсім. Бұл көрсеткіш қоғамда еріктілік мәдениетінің кең таралып, түрлі жастағы азаматтардың ортақ іске жұмылуы артқанын айғақтайды. Әсіресе жастардың үлесі жоғары, олар әлеуметтік, экологиялық және гуманитарлық жобаларға белсенді қатысуда.

Елімізде ұлттық волонтерлік желі тұрақты түрде жұмыс істеп, жыл сайын 60 мыңнан астам еріктіні біріктіреді. Бұл платформа өңірлер арасындағы байланысты күшейтіп, волонтерлік жобаларды үйлестіру мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы волонтерлік қызмет бірнеше негізгі бағытта дамып отыр. Атап айтқанда, өңірлермен әріптестік байланыстарды нығайту, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жетілдіру. Бұл бағыттар волонтерлікті тек жергілікті деңгейде емес, ұлттық және халықаралық деңгейде дамытудың негізін қалыптастыруда.

Қазіргі уақытта волонтерлік саласында 8 негізгі жоба жүзеге асырылуда. Бұл – жобалар әлеуметтік қолдау, экологиялық акциялар, білім беру бастамалары және төтенше жағдайлар кезіндегі көмек көрсету сияқты маңызды бағыттарды қамтиды. Жобалардың көпүрлілігі волонтерліктің тек бір реттік акция емес, жүйелі әлеуметтік қызмет екенін көрсетеді.

Соңғы жылдары бірқатар оң өзгерістер байқалады. Мәселен, волонтерлер санының тұрақты өсуі, түрлі жас топтарының кеңінен тартылуы, волонтерлік ұйымдардың call-орталықтарына жүгінулер санының артуы соның айғағы. Бұл үрдістер волонтерлік қызметтің қолжетімділігі мен тиімділігінің артқанын білдіреді.

Елімізде волонтерлік еңбекті бағалау жүйесі де дамып келеді. Осы уақытқа дейін 200-ден астам адам «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығының лауреаты атанған. Бұл – еріктілер еңбегінің қоғам тарапынан жоғары бағаланатынын көрсететін маңызды фактор.

Волонтерлік саласын дамыту мақсатында заманауи әдістемелік және аналитикалық материалдар әзірленіп, енгізілуде. Бұл өз кезегінде жобалардың сапасын арттырып, тиімділігін күшейтеді. Сонымен қатар, қазақстандық волонтерлер халықаралық бастамаларға да белсенді қатысып, тәжірибе алмасу арқылы жаңа бағыттарды игеруде.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы волонтерлік қозғалыс бүгінгі күні тек әлеуметтік көмек көрсету құралы ғана емес, қоғамды дамытудың маңызды жүйелік тетігіне айналып отыр. Ұйымдар мен еріктілер санының еселеп артуы, жобалардың кеңеюі және халықаралық деңгейге шығуы – осы саланың болашағы зор екенін айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, волонтерлік қозғалыс елімізде азаматтық белсенділікті арттырып, қоғамның бірлігін нығайтуға және әлеуметтік тұрақтылықты күшейтуге елеулі үлес қосып келеді.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.





Мерекелік жиында өңірдің денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар медицина мамандары мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, сала үздіктеріне «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» медальдары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Ұлытау облысының Құрмет грамоталары, Денсаулық сақтау министрі мен облыс әкімінің алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, салтанатты шара

Ұлытау облысында Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Жиынға облыс әкімі Дастан Рыспеков қатысты.

ҚҰРМЕТ БИГІНДЕ — МЕДИЦИНА МАЙТАЛМАНДАРЫ

барысында өңірдің денсаулық сақтау жүйесінде ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, халық саулығын сақтауға зор үлес қосқан екі дәрігерге үш бөлмелі пәтердің кілті табыс етілді. Одан бөлек, бірқатар медицина қызметкерлері «AQNIET» және «Senim» салалық кәсіподақтарының арнайы төсбелгілерімен марапатталды. Облыс әкімінің арнайы номинациялары бойынша үздік деп танылған 15 медицина қызметкеріне 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейінгі көлемде ақшалай сыйақы берілді.

Іс-шарада сөз алған өңір басшысы Дастан Рыспеков медицина қызметкерлерінің қоғамдағы ерекше ролін атап өтіп, олардың кәсібилігі мен жанкешті еңбегі тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтауда зор маңызға ие екенін жеткізді. Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасты.

Актілек АҚТАҢҒЕР,
Ақпарат Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің
материалдары негізінде әзірленді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМАЛ ҚОРҒАНЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Мерекелік жиында өңірдің қоғамдық қауіпсіздігі мен құқықтық тәртібін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген полиция қызметкерлері марапатталып, жана қызметтік автокөліктердің кілттері табысталды.

Айта кетсек, полиция күні 2007 жылдың 5 маусымындағы ҚР Президентінің жарлығымен 23 маусым ресми түрде бекітілген.

Ұлытау облысы құрылған күннен бастап өңір тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы уақыт ішінде полиция департаментінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, заманауи техникамен және қызметтік автокөліктермен қамтамасыз етуге, цифрлық бақылау жүйелерін дамытуға, қоғамдық тәртіпті сақтау тетіктерін жетілдіруге облыстық бюджеттен жалпы көлемі 28,4 миллиард теңге қаржы бөлінді.

Іс-шара барысында бірқатар қызметкерлерге Ұлытау облы-

сының Құрмет грамоталары мен облыс әкімінің алғыс хаттары табыс етілді.

Полиция департаментінің бастығы Нұрхат Оразбаев жеке құрамды мерекемен құттықтап, полиция қызметкерлерінің ел тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды ролін атап өтті. Қызметтік міндеттерін үлгілі атқарып жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталып, ведомстволық наградалар мен алғыс хаттар табыс етілді. Қатысушылар қызмет бабында қаза болған ерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мерекелік жиын соны өнерпаздардың қатысуымен өткен концерттік бағдарламамен жалғасып, құқық қорғау саласы қызметкерлеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйдалды.

Полиция — бұл тек қана рухы мықты, намысы жоғары адамдардың сферасы екендігі белгілі. Бұл — нағыз ерлікті талап ететін жұмыс, патриот адамның мамандығы.

Еркебұлан
ЕГІНБАЙҰЛЫ.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сондай-ақ Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы Бауыржан Шыңғысов құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар мемлекеттік қызметшіні Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Халыққа қызмет көрсетіп, мұңмұқтажын тыңдап, мәселелерімен айналысып, шешімін тауып, алғысын алудан артық дүние жоқтығын мемлекеттік қызметші жақсы түсінеді. Жастық жігері мен білімін осы жолда жұмсағаны оның кәсіпкерлігі парыз. Сондықтан мемлекет мүддесіне қызмет атқару абыройлы, әрі жүгі ауыр жауапкершілігі мол жұмыс.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлан Ермаханбетов мемлекеттік қызмет саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген қызметшілерге алғыс хаттар табыстап, «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» конкурсының өңірлік кезеңі жеңімпаздарын марапаттады.

Айта кетсек, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» конкурсын ұйымдастырып, 2026 жылдың 26 мамырында 18 үміткердің қатысуымен өңірлік кезең өткізілді. «Үздік

сапалы қызмет көрсетуші» конкурсының өңірлік комиссия отырысының шешіміне сәйкес, халықтық дауыс беруге 5 үміткер өткізілген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер арасында өткен «Ел жанашырлары» облыстық спартакиадасының қорытындысы бойынша жүлделі орын иеленген командалар арнайы марапаттарға ие болды. Іс-шара сонында мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған қызметшілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшісі антын қабылдау рәсімі өтті.

Еркебұлан
ЕГІНБАЙҰЛЫ.

І РУХАНИЯТ

ҚОЙЛЫБАЙ ӘУЛИЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Сол қасиетті тұлғаның рухына арналған ас өткен аптада Ұлытау жерінде ұйымдастырылып, елдің алыс-жақын өңірлерінен келген азаматтардың басын қосты. Алайда ұйымдастырушылар биылғы асты қапырық аптапта далада емес, қаладағы мейрамханада өткізуді жөн көрді. Дастархан «Garden Hall» мейрамханасында жайылып, еліміздің әр өңірінен арнайы келген меймандарға рухани басқосу алаңына айналды.

ҚАСИЕТТІ МЕКЕН — «Дулығалы» және тарихи жады

Қойлыбай әулиесінің мәңгілік мекені — Ұлытау өңіріндегі «Дулығалы» өзенінің басы. Ел аңыздарында Қарағандан Ұлытауға қоныс іздеген көш кезінде Қойлыбай баба осы өңірге тоқтап, ақтық демі таяған сәтінде осында жерлеуді аманат еткені айтылады. Оның қабірінің басына алғашында аршадан белгі қойылып, уақыт сынына төтеп берген киелі орын кейінгі ұрпақ үшін зиярат мекеніне айналды.

Тәуелсіздік жылдарында, нақтырақ айтқанда 1993 жылы жергілікті халықтың қолдауымен кесене тұрғызылса, 1994 жылы үлкен ас беріліп, ел ішінде кен көлемді рухани жиын өткен болатын. Араға отыз жыл салып, сол дәстүр биыл қайта жаңғырып отыр.

ЖАҢА КЕСЕНЕ — рухани инфрақұрылымның жаңа кезеңі

Соңғы жылдары Қойлыбай әулие кесенесі аумағында бірқатар жаңғырту

жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде келушілерге арналған «Тағзым үйі» салынды. Бұл — шалғайдағы киелі мекенге келетін жолаушылар үшін үлкен қолдау.

Аудан орталығынан 200 шақырым қашықта орналасқан кесенеге жету әрдайым оңай болмаған. Бұрын келген

Ұлы дала тарихында есімі аңызға айналған тұлғалардың бірі — Қойлыбай ӘБУРАХМАНҰЛЫ. Халық жадында ол тек бақсы, тәуіп, қобызшы ретінде ғана емес, рухани әлемі терең, көріпкелдігімен елге медет болған киелі әулие ретінде сақталған. Атақты Қожаберген жыраудың «Ер Қойлыбай...» деп басталатын жыр жолдары да оның қазақ руханиятындағы орнының айқын дәлелі.

РУХАНИ АС: ел бірлігі мен құрметтің көрінісі

Биылғы астын ұйымдастырылуы да ерекше сипат алды. Шымкенттен мекенат, Атымтай жомарт, белгілі кәсіпкер Серікжан Сейтжанов, жиһанкез, белгілі кәсіпкер Сапар Искаков және Шиелі, Алматы, Астана, Ақтөбе, Қызылордадан бас аяғы 30 адам қонақ болып келді.

Астын тізгінін жас ақын әрі журналист Мұқағали Сейтқазы жүргізіп, Қойлыбай әулиенің өмірі мен рухани мұрасы туралы кенінен ақпарат берді. Жиынның шымылдығын елге сыйлы қария Қадыр аға Үнгітбаев ашып, батасын берді. Белгілі журналист Шамхан Рахметов, ақын Мұқаш Сейтқазы, «Қойлыбай әулие» қоғамдық қорының төрағасы Әбулайыс Молахов өз лебіздерін білдірді. Сонымен қатар, келген меймандар ізгі тілектерін айтып, рухани мұраның маңызын атап өтті.

Асқа облыс әкімі Дастан Рыспеков, облыстық мәслихаттың төрағасы Бауыржан Шыңғысов және Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Шайжанов арнайы келіп қатысты. Өңір басшылары, қатысушылар қатарында болған белгілі кәсіпкерлер мен меценаттар, қоғам белсенділері Қойлыбай әулие мұрасын жаңғырту — тек тарихи естелік емес, ұрпаққа берілетін рухани аманат екенін ерекше атап өтті.

ТҮЙІН

Қойлыбай әулиеге арналған бұл рухани жиын — тек ас беру дәстүрі емес, ұлттық жадыны жаңғыртудың, тарихи тұлғаларды ұлықтаудың айқын көрінісі. Ұлытау төрінде өткен басқосу ел бірлігін бекемдеп, рухани сабақтастықтың үзілмегенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қасиетті мекенге жасалып жатқан игі істер — тек инфрақұрылымдық жоба емес, ең алдымен рухани кеңістікті сақтау мен дамытуға бағытталған қадам. Осылайша, Қойлыбай әулие мұрасы уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа буынға өнеге болып қала бермек.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.



ҚОС ӨҢІРДІ ТАБЫСТЫРҒАН ТАЛАНТ

Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы «Бір кітап – бір өлке» акциясы аясында арқалы ақын, белгілі қаламгер, Ырғыз бойында туып, ширек ғасыр кенді өлкеге тер төккен зерделі зерттеуші Ұлытау ауданының Құрметті азаматы Қуаныш АХМЕТОВТИҢ туғанына 80 жыл толуына орай «Ұлытау мен Ырғызды жырмен жалғаған» атты онлайн республикалық телемост ұйымдас-тырылды.

Іс-шараға ақынның туған жері Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен Ұлытау ауданының кітапханалар жүйесінің қызметкерлері, құрметті қонақтар қатысты.

Жаңаарқа ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанбол Ғабдоллаұлы сөз алып, кеш шымылдығын ашты. Ұлытаудың тарихын тамырынан тарта зерттеп, даңқын аспанға көтерген, архив деректерін негізге ала отырып, жалпақ жұртқа паш еткен қарымды қаламгердің өмірі мен шығармашылығына арналған бейнежазбаны ұсынғып, күміс көмейі өңші қыздарымыз Айша мен Кәусар домбыраның

әуезді үнімен «Сырбаз Сәкен» әнін нақышына келтіре орындады.

Ұлытауда шырдалған дарынды тұлғаның туған жері Ырғыз ауданы телемостқа қосылып, Ырғыз аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Айбану Сәкенқызы сөз алып, іс-шараны әрі қарай ақынның жалынды жырларымен жалғады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Марат Мырзалы қарымды қаламгер жайлы естеліктерімен бөлісті. Ақынды жан-жақты зерттеп жүрген тіл маманы Өсемгүл Жоллаева баяндама жасап, ақынның шығармаларындағы ерекшеліктерге тоқталып өтті. Қуаныш Ахметов жайлы ақынның ет жақындары, ұлы, кен инженері Мұрат Ах-

метов телемостқа қосылып, әкесі жайлы жылы естеліктер айтып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Ұлытау ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдіскері Сандуғаш Ергазықызы «Ұлы даланың Ұлытауын ұлықтаған» тақырыбында терең толғанып, тарихтан сыр шертті. Оқырмандарымыз ақынның жырларын жатқа мәнерлеп оқыды. Іс-шара соңында кітапханашы Гаухар Аманғалиқызы «Қос өңірді табыстырған талант» тақырыбында құралған кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

**Жаңаарқа ауданының
Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар
кітапханасы.**

ЗАҢ ТАЛАБЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ: КООПЕРАТИВТЕР ҚАЛАЙ ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТЕДІ?

Бүгінгі таңда еліміздегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын реформалау және басқару жүйесін жетілдіру жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Осы ретте, бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан пәтер иелері кооперативтерінің қызметін заң талаптарына сәйкес қайта құру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Қазцентр ЖКХ» (ТҮКШ қазақстандық орталығы) ұсынған ресми алгоритм негізінде екі немесе одан да көп көпөтерлі тұрғын үйді біріктіретін кооперативтерді қайта тіркеуден өткізудің нақты қадамдарын назарларыңызға ұсынамыз.

БАСТЫ МАҚСАТ НЕ?

Заң бойынша, бұрын тіркелген және өз қызметін жүзеге асырып жатқан пәтер иелері кооперативтері өз қызметін жаңа Тұрғын үй заңының талаптарына сәйкестендіру және ресми жарияланған күннен бастап бір жыл ішінде қайта тіркеу рәсімінен өтуі тиіс.

Кооперативтің атауында міндетті түрде «пәтер (тұрғын емес үй-жайлар) иелерінің кооперативі» (қысқаша ПИК немесе орысша қолданыстағы атауы – КСК) деген сөз тіркесі болуы шарт.

ҚАЙТА ТІРКЕУДІҢ 4 НЕГІЗГІ ҚАДАМЫ.

Егер сіздің кооператив құрамында бірнеше үй болса, келесі алгоритмді қатаң сақтау қажет:

1-қадам. Әр үйде жеке жиналыс өткізу. Ең алдымен, кооператив құрамындағы әрбір көпөтерлі тұрғын үйде жеке-жеке тұрғындар жиналысы ұйымдастырылады. Жиналыс бетпе-бет (келу форматында) немесе жазбаша сауалнама (сырттай) форматында өте алады.

Кворум (қатысушылардың жеткілікті саны): Жиналыс заңды деп танылуы үшін оған пәтер және тұрғын емес үй-жай иелерінің 50%-дан астамы қатысуы тиіс. Күн тәртібіндегі сұрақтар: Жиналыста басқару формасын таңдау, үйдің қазіргі жұмыс істеп тұрған кооператив құрамында қалуы және қайта тіркеу жұмыстарына қатысатын бастамашыл топқа әр үйден өкіл (делегат)

сайлау мәселелері дауысқа салынады. Нәтиже: Әр үй бойынша дауыс беру парақтары толтырылып, жеке Хаттама ресімделеді.

2-қадам. Бастамашыл топтың ортақ жиналысы. Әр үйден сайланған өкілдер (делегаттар) жиналып, ортақ жиналыс өткізеді. Бұл жиналыста мынадай маңызды шешімдер қабылданады: Кооперативті қайта тіркеу туралы шешім; Кооперативтің жаңа атауын бекіту (үйлердің мекенжайлары көрсетіледі); Кооператив Төрағасын 3 жыл мерзімге сайлау. Бұл жиналыстың нәтижесі де ортақ Хаттамамен бекітіледі.

3-қадам. «Азаматтарға арналған үкіметке» (ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы) құжат өткізу. Сайланған кооператив төрағасы жеке басын куәландыратын құжатпен бірге тіркеуші органға (ХҚКО) барып, өтініш береді. Қажетті құжаттар тізімі:

1. Белгіленген үлгідегі өтініш.
2. Әр үйдің және делегаттардың ортақ жиналыс хаттамалары.

3. Мемлекеттік алым төленгенін растайтын түбіртек (жарна көлемі – 0,5 АЕК [айлық есептік көрсеткіш]).

Маңызды: Мемлекеттік қайта тіркеу құжаттар тапсырылған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4-қадам. Банктен есепшот ашу және Тұрғын үй инспекциясын хабардар ету. Қайта тіркеуден өткеннен кейін кооператив басшылығы келесі міндеттерді орындауы тиіс: 15 күнтізбелік күн ішінде – Кооператив құрамындағы әрбір үйге жеке-жеке ағымдағы және жинақ (сбергательный) шоттарын ашу. 3 жұмыс күні ішінде – Жергілікті Тұрғын үй инспекциясына нысанды басқару қызметінің басталғаны туралы хабарлама мен кондоминиум (ортақ меншік)

нысанының мәліметтерін жолдау.

Жаңаланған кооперативтер қандай қызметтер атқарады? Заң аясында қайта тіркелген кооператив мынадай негізгі функцияларды атқаратын болады:

1. Пәтер, тұрғын емес үй-жай, паркинг және қойма иелерінің нақты тізімін жасау.
2. Тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы тұруына қажетті жағдай жасау (ортақ мүлікті күтіп ұстау).
3. Тұрғындар жиналысын ұйымдастыру.
4. Коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдармен келісімшарттар жасасу.
5. Тұрғындар жиналысы мен Үй кеңесінің шешімдерін орындау.

6. Жылдық шығыстар сметасының (жоспарының) жобасын және жылдық есепті дайындап, Үй кеңесінің қарауына ұсыну.

7. Үй кеңесіне ай сайын нысанды басқару бойынша есеп беріп отыру.

Тұрғын үй заңнамасына енгізілген бұл өзгерістер – үйіміздің тазалығын, қауіпсіздігін және қаржының ашық жұмсалуды қамтамасыз етудің төте жолы. Уақыт созбай, заң талаптарына сай қайта тіркеуден өту – әрбір кооператив жетекшісі мен пәтер иесінің ортақ міндеті.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Заң талаптарына сәйкес, қолданыстағы барлық пәтер иелері кооперативтері өз қызметін заңнамаға сәйкестендіріп, **2026 жылдың 16 шілдесіне (16.07.2026 ж.)** дейін міндетті түрде ресми қайта тіркеуден өтуі тиіс. Бұл – уақыт созуға болмайтын маңызды мемлекеттік талап!

А. АУБАКИР,
Ұлытау облысы Әділет департаментінің
коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша Департаменті (бұдан әрі – Департамент) облыс аумағында мемлекеттік қызметтердің көрсетуі сапасын бақылау бойынша уәкілетті орган болып табылады.

Осы ретте Департаменттің басты міндеттерінің бірі – қызмет алушыларға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, олар үшін қолайлы жағдай жасау, қызмет көрсету процестерін жетілдіру және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру.

Осы орайда, Департаментпен аз. Н. «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметін көрсету үшін құжаттар қабылдауға қатысты негізсіз бас тарту берілгені жөнінде шағым қаралды.

Шағымды қарау барысында Департаментпен көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында заңнаманың сақталуына жоспардан тыс тексеру жүргізілді және келесі мән-жайлар анықталды:

Аз. Н. «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»

мемлекеттік қызметін көрсету барысында бірінші кезеңде он шешім берілгеніне қарамастан, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінішіне «Кодекстің 44-1 бабының 2-тармағына сәйкес, объект салу үшін жер учаскесін жер пайдалануға беруді облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың (олардың әкімшілік бағынысына берілген аумақта) жергілікті атқарушы органдары және кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері осы Кодексте белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады. Жер пайдалануға берілген жер учаскесін жеке меншікке сатып алу объект пайдалануға берілгеннен кейін жүргізіледі» деген себеппен бас тартқан.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 44-1-бабының 1-тармағына сәйкес, кенттің, ауылдың жерінен жер учаскесін беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Осыған сәйкес, жоғарыда көрсетілген бас тарту «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсетуден бас тарту үшін негіздеріне жатады.

Департаменттің жедел ден қою шаралары нәтижесінде көрсетілетін қызмет берушіге қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылып, қызмет алушының бұзылған құқықтары толықтай қалпына келтірілді. Яғни, аз. Н. «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметті алу туралы өтініші қабылданды.


Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке **Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимаратындағы №711 кабинетке** немесе **«Е-Өтініш»** ақпараттық жүйесі арқылы жүткіуге болатындығын назарларыңызға жеткіземіз (байланыс телефоны – **87102/733270**).

Н. КАЙТАНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы.

2026 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

Жезқазған қаласының уақыты бойынша

ШІЛДЕ	КҮНІ	ТАҢ	КҮН	БЕСІН	ЕКІНТІ	ШАМ	ҚҰП-ТАН
1	Сейсенбі	02:34	04:31	12:36	18:04	20:34	22:32
2	Сәрсенбі	02:34	04:32	12:36	18:04	20:34	22:32
3	Бейсенбі	02:35	04:33	12:36	18:04	20:34	22:32
4	Жұма	02:35	04:33	12:37	18:04	20:33	22:32
5	Сенбі	02:35	04:34	12:37	18:04	20:33	22:32
6	Жексенбі	02:36	04:35	12:37	18:04	20:33	22:32
7	Дүйсенбі	02:36	04:36	12:37	18:03	20:32	22:32
8	Сейсенбі	02:37	04:36	12:37	18:03	20:32	22:31
9	Сәрсенбі	02:37	04:37	12:37	18:03	20:31	22:31
10	Бейсенбі	02:38	04:38	12:38	18:03	20:30	22:31
11	Жұма	02:38	04:39	12:38	18:02	20:30	22:31
12	Сенбі	02:39	04:40	12:38	18:02	20:29	22:30
13	Жексенбі	02:39	04:41	12:38	18:02	20:28	22:30
14	Дүйсенбі	02:41	04:42	12:38	18:01	20:28	22:29
15	Сейсенбі	02:42	04:43	12:38	18:01	20:27	22:27
16	Сәрсенбі	02:44	04:44	12:38	18:01	20:26	22:25
17	Бейсенбі	02:46	04:45	12:38	18:00	20:25	22:24
18	Жұма	02:48	04:46	12:38	18:00	20:24	22:22
19	Сенбі	02:50	04:47	12:38	17:59	20:23	22:20
20	Жексенбі	02:52	04:48	12:39	17:59	20:22	22:18
21	Дүйсенбі	02:54	04:49	12:39	17:58	20:21	22:16
22	Сейсенбі	02:56	04:51	12:39	17:58	20:20	22:14
23	Сәрсенбі	02:58	04:52	12:39	17:57	20:19	22:13
24	Бейсенбі	03:00	04:53	12:39	17:56	20:18	22:11
25	Жұма	03:02	04:54	12:39	17:56	20:17	22:09
26	Сенбі	03:04	04:55	12:39	17:55	20:16	22:07
27	Жексенбі	03:06	04:56	12:39	17:54	20:14	22:05
28	Дүйсенбі	03:08	04:58	12:39	17:53	20:13	22:02
29	Сейсенбі	03:10	04:59	12:39	17:53	20:12	22:00
30	Сәрсенбі	03:12	05:00	12:39	17:52	20:10	21:58
31	Бейсенбі	03:14	05:01	12:39	17:51	20:09	21:56



КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою мақсатында халық арасында жиі кездесетін жүйелі мәселелерді анықтау және оларды шешу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді алу кезінде мерзімдерінің сақталмауы, артық құжаттар талап ету, негізсіз бас тартулар ұсыну сияқты мәселелерге тап болатыны анықталды.

Қызмет алушылар жер қатынастары, білім және әлеуметтік салалар бойынша жиі жүгінеді.

Мәселен білім саласында, «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету кезінде азаматтың өтінішіне белгіленген мерзімде жауап берілмеген.

Тексеру нәтижесінде тиісті ұсыну енгізіліп, оқушының басқа білім беру ұйымына ауысуы қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, жер қатынастары саласында «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметін көрсетудің бірінші кезеңін өтіп, екінші кезеңінде негізсіз бас тартылған.

Нәтижесінде жауапты лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жер учаскесіне құқық беру туралы оң шешім қабылданды.

Азаматтардың жекелеген санаттары әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін жүгінген азаматтың құжаттары дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысындағы дәрігердің тегі қолмен жазылған деген негізбен қабылдаудан негізсіз бас тартылған.

Департаментпен мұндай бас тартудың негізсіз екені анықталып, азаматтың өтініші қабылданды.

Қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Д. БАКИРОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы.

ДҮЙСЕНБІ 29 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
06:05 «Көршінің қызы». 07:00 «Tаnsholpan». 09:00 «Бір үйдің балалары». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Жалған өмір». 14:15 «Апта». 14:55 «Ақорда». 15:10 «Сағындырған әндер-ай!». 15:40 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:55 «Бір үйдің балалары». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Мың уәде». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 00:10 Ақпарат. 00:40 «Қазір айтайық». 01:20 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал.

СЕЙСЕНБІ 30 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
06:05 «Шабдалы. 18». 07:00 «Tаnsholpan». 09:00 «Бір үйдің балалары». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Жалған өмір». 14:15 «Аксауыт». 14:35 «Таза Қазақстан». 15:00 «Сағындырған әндер-ай!». 15:40 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:55 «Бір үйдің балалары». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:25 «Ақша әліппесі». 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Мың уәде». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 00:15 Ақпарат. 00:40 «Ақша әліппесі». 00:50 «Қазір айтайық». 01:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал.

СӘРСЕНБІ 1 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN
05:35 Ақпарат. 06:05 «Шабдалы. 18». 07:00 «Tаnsholpan». 09:00 «Бір үйдің балалары». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Қызық екен...». 12:50 «Жалған өмір». 13:55 «Талантты таңу». 14:15 «Қос палата». 14:35 «Сағындырған әндер-ай!». 15:40 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:55 «Бір үйдің балалары». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:25 «Мың уәде». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 00:15 Ақпарат. 00:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал.

ХАБАР
05:00 «Әке бақыты». 05:45 «Мандай тер». 07:00

ХАБАР
05:00 «Қақ вайыт замуж за миллионера». 07:00 «Cover Show». 09:00 «Көзқарас». 09:30 «Әлеумет». 10:00 «Эшрефтің арманы». 11:00 «Келінжан». 12:00 «Cover Show». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:15 «Сидни Уайт». 17:00 «Мечта Эшрефа». 18:00 «Моя настоящая мама». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Qaitadan». 22:00 «KeshREC». 23:00 «Джентльмены. удачи!».

АСТАНА
6:00 «Қолымнан ұста». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:00 «Аппак келін». 12:00 «Жас емес жұбайлар». 13:40 «Зу-зу Күлпаш». 15:15 «Қолымнан ұста». 17:35 «Күйінды мекен». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Күйінды мекен». 01:20 «Бумеранг».

ХАБАР
05:00 «Қақ вайыт замуж за миллионера». 07:00 «Cover Show». 09:00 М/с «Барбоскины». 09:30 «Народный контроль». 10:00 «Эшрефтің арманы». 11:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналQ». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Qaitadan». 17:00 «Мечта Эшрефа». 18:00 «Моя настоящая мама». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Парковщики». 22:00 «KeshREC». 23:00 «Вне времени».

АСТАНА
06:00 «Қолымнан ұста». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:00 «Аппак келін». 12:00 «Бишарашки». 14:00 «Зу-зу Күлпаш». 15:15 «Қолымнан ұста». 17:35 «Күйінды мекен». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Күйінды мекен». 01:20 «Бумеранг».

«Cover Show». 09:00 М/с «Барбоскины». 09:30 «Біздің назарда». 10:00 «Эшрефтің арманы». 11:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналQ». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Вне времени». 17:00 «Мечта Эшрефа». 18:00 «Моя настоящая мама». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Игромамка». 22:30 «Солдаты неудачи». 00:15 «Дүлдүлдер дүбір».

АСТАНА
06:00 «Қолымнан ұста». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:00 «Аппак келін 2». 12:00 «Брат или брак». 13:40 «Зу-зу Күлпаш». 15:15 «Қолымнан ұста». 17:35 «Күйінды мекен». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Күйінды мекен». 01:20 «Жүрек үні».

ралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Күйінды мекен». 01:20 «Бумеранг».

КТК
07:05 «Әнім сен едің». 08:30 «Тоғжан». 10:30 «Последнее лето». 12:20 «Было дело». 14:30 «Брат или брак». 16:30 «Другая». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:30 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:30 «Гадалка». 23:30 «Цена побега». 01:30 «Другая». 03:00 «Последнее лето». 04:30 «Тоғжан». 06:05 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА
6:02 «Тойхана». 6:22 «Ауыл мұғалімі». 7:10 «Үзілген жапырақтар». 8:10 «Жетімдер». 10:10 «Тәуіп Хо Жун». 11:20 Телесериал. 12:20 «Жұмбақ қыз». 14:20 «Қайсар жүрек». 15:10 «Я пышка». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар.

КТК
07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Әнім сен едің». 08:20 «Тоғжан». 10:00 Вечерние новости. 10:30 «Последнее лето». 12:20 «Цена побега». 14:30 «Гадалка». 16:30 «Другая». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:30 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:30 «Гадалка». 23:30 «Цена побега». 01:30 «Другая». 03:00 «Последнее лето». 04:30 «Тоғжан». 06:05 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА
6:02 «Тойхана». 6:22 «Ауыл мұғалімі». 7:10 «Үзілген жапырақтар». 8:10 «Жетімдер». 10:10 «Тәуіп Хо Жун». 11:20 Телесериал. 12:20 «Ыстық алаң». 14:10 «Қайсар жүрек». 14:50 «Малай». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Жар-птица». 22:00 «Далекий город». 23:00 «Үзілген жапырақтар».

КТК
07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Әнім сен едің». 08:20 «Тоғжан». 10:00 Вечерние новости. 10:30 «Последнее лето». 12:20 «Цена побега». 14:30 «Гадалка». 16:30 «Объятия лжи». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:30 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:30 «Гадалка». 23:30 «Отдай мою мечту». 01:30 «Объятия лжи». 03:00 «Последнее лето». 04:35 «Тоғжан». 06:05 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА
6:02 «Тойхана». 6:22 «Ауыл мұғалімі». 7:10 «Үзілген жапырақтар». 8:10 «Жетімдер». 10:10 «Тәуіп Хо Жун». 11:20 Телесериал. 12:20 «Малай». 14:10 «Қайсар жүрек». 15:10 «Жизнь после». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Жар-птица». 22:00 «Далекий город». 23:00

лықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Жар-птица». 22:00 «Далекий город». 23:00 «Үзілген жапырақтар». 0:00 «Тәуіп Хо Жун». 1:10 Жаңалықтар. 1:35 Новости. 2:00 Телесериал. 4:50 Гүл-гүл шоу. 5:00 Жаңалықтар. 5:25 Новости.

ҰЛЫТАУ
08:00 ҚР Өнұраны. 08:00 «Таңғы жаттығу». 08:05 «Ертен» таңғы бағдарламасы. 08:45 «Темір нарком Темірбек» д/ф. 09:45 «Сағынғын» фильм. 11:30 «Руханият». 12:05 «Бақыттың аяла» фильм. 14:30 «Өнер өлкесінде». 15:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» күндізгі жаңалықтар. 15:15 «Дала өркеніеті» д/ф. 16:00 Еске алу. 16:15 «Руханият». 16:50 «Менің атым Қожа» фильм. 18:35 Еске алу. 18:50 «Алматы жүрегімде» т/х. 19:30 «Шарапат». 19:45

0:00 «Тәуіп Хо Жун». 1:10 Жаңалықтар. 1:35 Новости. 2:00 Телесериал. 4:50 Гүл-гүл шоу. 5:00 Жаңалықтар. 5:25 Новости.

ҰЛЫТАУ
08:00 ҚР Өнұраны. 08:00 «Үтрения разминка». 08:05 «Ертен» таңғы бағдарламасы. 08:30 Деректі фильм. 09:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 09:30 «Шарапат». 09:45 «Игры со смертью». 10:00 «Алматы жүрегімде» т/х. 10:30 «Телебалапан». 10:45 «Руханият». 11:20 «Менің атым Қожа» фильм. 13:00 «Тар заман» т/х. 15:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» күндізгі жаңалықтар. 15:15 «Дала өркеніеті» д/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 «Абай әндері» к/ф. 18:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» сурдоаударма. 18:15 «Таза – сокровище наших». 18:35 «Еске алу». 18:50 «Алматы жүрегімде» т/х. 19:20 «Паракор» қыскаметражды фильм. 19:45

«Үзілген жапырақтар». 0:00 «Тәуіп Хо Жун». 1:10 Жаңалықтар. 1:35 Новости. 2:00 Телесериал. 4:50 Гүл-гүл шоу. 5:00 Жаңалықтар. 5:25 Новости.

ҰЛЫТАУ
08:00 ҚР Өнұраны. 08:00 «Таңғы жаттығу». 08:05 «Дала өркеніеті» д/ф. 09:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 09:30 «Паракор» қыскаметражды фильм. 10:00 «Алматы жүрегімде» т/х. 10:30 «Телебалапан». 10:45 «Туған жер» д/ф. 11:15 «Абай әндері» к/ф. 13:00 «Тар заман» т/х. 15:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» күндізгі жаңалықтар. 15:15 «Дала өркеніеті» д/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 «Девушка Джигит» к/ф. 18:00 «ҰЛЫТАУ ақпарат» сурдоаударма. 18:15 «Қатыгес келін» қыскаметражды фильм. 18:35 «Еске алу». 18:50 «Алматы жүрегімде» т/х. 19:20 «После огня». 19:45

«Телебалапан». 20:00 «Туған жер» д/ф. 20:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 21:00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21:30 «Тар заман» т/х. 23:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 24:00 ҚР Өнұраны.

31-АРНА
06:00 «Әзіл студия». 06:30 «Вакцина от коррупци». 08:30 «Аватар: Легенда об Анге» м/с. 09:00 «Губка Боб» м/с. 09:30 «Пингвини Мадагаскар» м/с. 10:00 «Кунг-фу Панда» м/с. 10:30 «Такси 5». 13:10 «Такси 5». 15:10 «Робот по имени Чипс». 18:00 «Уличный боец». 20:00 Информбюро. 21:00 «Терминал». 23:50 «31 әзіл». 02:40 «Time Vine». 03:00 «TikTok show». 03:20 «What's up?». 04:00 «Әзіл студия». 04:20 «1001 әзіл». 04:30 «Bala battle». 05:00 «What's up?». 05:20 «Ризамын».

«Телебалапан». 20:00 «Туған жер» д/ф. 20:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 21:00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21:30 «Тар заман» т/х. 23:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 24:00 ҚР Өнұраны.

31-АРНА
06:00 «Әзіл студия». 06:30 «Ризамын». 07:00 Информбюро. 08:00 «31 әзіл». 08:30 «Аватар: Легенда об Анге» м/с. 09:00 «Губка Боб» м/с. 10:00 «Пингвини Мадагаскар» м/с. 10:50 «Кунг-фу Панда» м/с. 11:50 «Терминал». 14:50 «Казини Рояль». 18:00 «Фантастическая четверка». 20:00 Информбюро. 21:00 «Слезы солнца». 23:30 «Супер 8». 01:40 «31 әзіл». 02:40 «Time Vine». 03:00 «TikTok show». 03:20 «What's up?». 04:00 «Әзіл студия». 04:20 «1001 әзіл». 04:30 «Bala battle». 05:00 «What's up?». 05:20 «Ризамын».

«Телебалапан». 20:00 «Туған жер» д/ф. 20:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 21:00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21:30 «Тар заман» т/х. 23:30 «ҰЛЫТАУ ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 24:00 ҚР Өнұраны.

31-АРНА
06:00 «Әзіл студия». 06:30 «Ризамын». 07:00 Информбюро. 08:00 «31 әзіл». 09:00 «Губка Боб» м/с. 10:30 «Пингвини Мадагаскар» м/с. 11:20 «Кунг-фу Панда» м/с. 12:20 «Уличный боец». 14:30 «Слезы солнца». 17:10 «Штурм Белого дома». 20:00 Информбюро. 21:00 «Фантом». 22:50 «Батя». 00:50 «31 әзіл». 02:40 «Time Vine». 03:00 «TikTok show». 03:20 «What's up?». 04:00 «Әзіл студия». 04:20 «1001 әзіл». 04:30 «Bala battle». 05:00 «What's up?». 05:20 «Ризамын».

ХАБАРЛАНДЫРУ
«ҚазТрансОйл» АҚ, «Қүмкөл-Қарақойын» ММҚ 111,2 км-де объектілерді бөлшектеу жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.
Жобалық құжаттама материалдары ҚД мен ТР ЖКТ ҰДБ (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 8 шілде мен 14 шілде аралығында қолжетімді болады.
Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.
Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: G.Abdykalikova@kaztransoil.kz, тел.: 8-7172-791-609.

БЕЙСЕНБІ 2 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN
04:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал. 07:00 «Tаnsholpan». 09:00 «Бір үйдің балалары». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Қызық екен...». 12:50 «Жалған өмір». 13:55 «H2O: тіршілік формуласы». 14:10 «Тұлға» д/ф. 14:45 «Сағындырған әндер-ай!». 15:40 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:55 «Бір үйдің балалары». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:25 «Ақша әліппесі». 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Мың уәде». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 00:10 «Парасат майданы». 00:45 Ақпарат. 01:15 «Қазір айтайық». 02:00 «Ашық алаң». 02:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал. 02:00 Ақпарат. 02:25

«Ақша әліппесі». 02:30 «Қазір айтайық». 03:15 Әнұран. 03:20 «Таза сана». 03:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал.

ХАБАР
05:00 «Әке бақыты». 05:45 «Мандай тер». 07:00 «Cover Show». 09:00 М/с «Барбоскины». 09:30 «Арнайы репортаж». 10:00 «Эшрефтің арманы». 11:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналQ». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:15 «Город призраков». 17:00 «Мечта Эшрефа». 18:00 «Семья и немого справедливости». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Өменгер». 22:00 «Без жалости». 00:00 «Дүлдүлдер дүбір».

АСТАНА
07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Әнім сен едің». 08:20 «Тоғжан». 10:00 Вечерние новости. 10:30 «Последнее лето». 12:20 «Отдай мою мечту». 14:30 «Гадалка». 16:30 «Объятия лжи». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:30 Кешкі жаңалықтар.

ЖҰМА 3 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN
06:05 «Шабдалы. 18». 07:00 «Tаnsholpan». 09:00 «Бір үйдің балалары». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Қызық екен...». 12:50 «Жалған өмір». 13:55 «H2O: тіршілік формуласы». 14:10 «Тұлға» д/ф. 14:45 «Сағындырған әндер-ай!». 15:40 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:55 «Бір үйдің балалары». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:25 «Ақша әліппесі». 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Мың уәде». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 00:10 «Парасат майданы». 00:45 Ақпарат. 01:15 «Қазір айтайық». 02:00 «Ашық алаң». 02:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/16 финал.

ХАБАР
05:00 «Әке бақыты». 05:45 «Мандай тер». 07:00 «Cover Show». 09:00 М/с «Барбоскины». 09:30 «Арнайы репортаж». 10:00 «Эшрефтің арманы». 11:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналQ». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Город призраков». 17:00 «Мечта Эшрефа». 18:00 «Семья и немого справедливости». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Өменгер». 22:00 «Без жалости». 00:00 «Дүлдүлдер дүбір».

АСТАНА
06:00 «Қолымнан ұста». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:00 «Қолтаңба». 11:20 «Брат или брак 3». 13:10 «Онда біреуден туып ал». 15:15 «Қолымнан ұста». 17:35 «Күйінды мекен». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Күйінды мекен». 01:20 «Жүрек үні».

СЕНБІ 4 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN
05:35 Ақпарат. 06:05 «Таза Қазақстан». 06:30 «Шабдалы. 18». 07:20 «Dina. Күй-құдірет». 09:40 «Сағындырған әндер-ай!». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Prime Era». 12:25 «Сағындырған әндер-ай!». 15:05 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:20 «Dina. Күй құдірет». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:15 «Әлем және біз». 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Қайыры кеш!». 23:05 «Ип Ман 2». 01:15 Ақпарат. 01:30 «Әлем және біз». 01:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/8 финал.

ХАБАР
05:00 «Әке бақыты». 05:45 «Мандай тер». 07:00 «Cover Show». 09:00 «Әпке». Роза Әлқожа мен Әбділқаппар Әлқожаның ән кеші. 10:00 М/ф «Звездные собаки: Белка и Стрелка». 11:20 М/с «Барбоскины». 12:00 «Без жалости». 14:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 15:15 «Қызы Times». 16:30 «Келінжан». 19:00 «7 күн». 19:40 «Жұмыр жер». 20:00 «Cover Show». 22:00 «Creative Qazaqstan». 22:30 «Петля времени». 00:30 «Биліктік». Асхат Әміргалидың концерті.

АСТАНА
06:00 «Зу-зу Күлпаш». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:00 «Шымкент шоу». 11:40 Худ.фильм. 13:40 Худ.фильм. 15:40 «Ағайынды

ЖЕКСЕНБІ 5 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN
05:35 Ақпарат. 05:50 «Ижжу-маржан». 06:30 «Шабдалы. 18». 07:20 «Dina. Күй-құдірет». 09:40 «Сағындырған әндер-ай!». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Қайыры кеш!». 13:50 «Домбыра» д/ф. 14:25 «Асыл мұра». Достары концерт. 15:15 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы. 15:30 «Ип Ман 2». 17:40 «Ақорда». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 «Апта». 20:40 «Гүлдер сыры». 21:35 «Ыстық ұя». 23:20 «Асыл арман». Екендір Хасанғалиевті еске алу кеші. 00:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты. 1/8 финал. 03:00 «Апта». 03:45 «Ақорда». 04:05

Әнұран. 04:10 «Домбыра» д/ф. 04:50 Футбол. FIFA World Cup 2026. Әлем чемпионаты.

ХАБАР
05:00 «Әке бақыты». 05:45 «Мандай тер». 07:00 «Cover Show». 09:40 «Азамат». 10:45 «Өмір өрнегі». 12:00 «Петля времени». 14:10 М/ф «Белка и Стрелка: Лунные приключения». 15:15 «Балам үйші». 15:45 «Келінжан». 17:15 Секен Тұрысбектің шығармашылық кеші. 19:00 «7 күн». 19:40 «Глобальные события». 20:00 «Ұлытау облыстық филармониясының концерті. 21:15 «Супруги Морган в бегах». 23:15 «Өменгер».

АСТАНА
06:00 «Зу-зу Күлпаш». 08:00 «Жаралы жүрек». 10:10 «Үкім 2». 11:10. 13:00 «Аппак келін».

алтауымыз». 16:40 «Әзілің жарасса». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 Худ.фильм.

КТК
07:05 «Әнім сен едің». 08:20 «Назира», өзбек фильм. 10:00 Вечерние новости. 10:30 «Құдай-берген Бекіштің» ән кеші. 13:30 «Однажды в Чукурова». 17:30 «Любимые дети». 21:00 «Любимые дети». 00:40 «Назира», өзбек фильм. 02:10 «Құдайберген Бекіштің» ән кеші. 05:10 «Әнім сен едің».

7-АРНА
6:02 Әзілің жарасса. 7:10 «Үзілген жапырақтар». 8:00 «Жетімдер». 9:50 Телесериал. 13:30 «Аман бол». 14:30 «Жетінші студия». 15:30 «Брат или брак 2». 18:00 Телесериал. 20:00 «Жар-птица».

16:00 Концерт Юлдуз Усмановой. 18:00. 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Жаралы жүрек». 22:50 «Сөнбеген жалын». 00:00 «Ағайынды алтауымыз». 01:00 Худ.фильм.

БӘРЕКЕЛДІ!

Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Талдыбұлақ ауылы бүгінде өңірдегі ең тыныш әрі берекелі елді мекендердің бірі ретінде танылып отыр.



Ауылдың тыныштығы мен тұрақтылығы – кездейсоқ құбылыс емес, ол ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық құндылықтардың нәтижесі. Талдыбұлақ тұрғындары үшін бірлік, ынтымақ және ортақ жауапкершілік – күнделікті өмірдің басты қағидатына айналған. Әрбір азамат туған жерінің қауіпсіздігі мен берекесін сақтауды өз міндеті ретінде қабылдайды. Зерттеу барысында ауылдағы әлеуметтік байланыстардың тығыздығы мен адамдар арасындағы сенімнің жоғары деңгейі ерекше назар аудартады. Бұл факторлар құқық бұзушылықтардың алдын алуда маңызды рөл атқарып отыр.

Талдыбұлақ ауылының басты ерекшеліктерінің бірі – ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі. Үлкен буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі мен өнегесі жас ұрпақтың бойына аламыршілік, тәртіп және жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіруге ықпал етуде. Осындай сабақтастық ауылдың әлеумет-

АҚ ПЕН ҚАРА

Қылмыс, тұрмыс, түрлі іс

Соңғы жылдары бұл ауылда бірде-бір қылмыс тіркелмегені тұрғындардың жоғары құқықтық мәдениетін, қоғамдық тәртіпке деген жауапкершілігін және өзара сыйластыққа негізделген өмір салтын айқын көрсетеді.

ТЫНЫШТЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН АУЫЛ



тік тұрақтылығын нығайтып отыр.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде учаскелік полиция инспекторы Қыдырқелді Мәжікеннің еңбегін де ерекше атап өтуге тұрарлық. Оның тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатып, профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуі құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық тәртіптің сақталуына оң әсерін тигізуде. Полиция мен халық арасындағы сенімнің жоғары деңгейі – ауылдағы тұрақтылықтың тағы бір маңызды тірегі.

Бүгінде Талдыбұлақ ауылы тек қылмыс тіркелмеген елді мекен ретінде ғана емес, сонымен қатар бірлік пен ынтымақтың, өзара сенім мен жауапкершіліктің нақты нәтижесіне айналған үлгілі ортасы ретінде бағаланып отыр.

Бұл тәжірибе қоғамдағы ортақ құндылықтарға негізделген қауіпсіз ортаны қалыптастырудың тиімді жолы екенін көрсетеді. Талдыбұлақтың тыныштығы – бұл тек статистикалық көрсеткіш емес, ол ауыл тұрғындарының сеналы таңдауы мен ортақ еңбегінің жемісі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Ұлытау облысында елді мекендердің санитарлық тазалығын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүргізіліп жатқан рейдтік іс-шаралар бағытында аба-тандыру қағидаларын бұзудың бірқатар деректері анықталды.

Бұл жұмыстар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.



АБАТТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗҒАН

Полиция қызметкерлерінің мәліметінше, жыл басынан бері өңір аумағында аба-тандыру талаптарын бұзудың 1 127 фактісі тіркелген. Сонымен қатар, ортақ пайдаланылатын орындарды ластағаны үшін 69 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Анықталған құқық бұзушылықтардың басым бөлігі жеке тұлғалар тарапынан жасалған.

Бұдан бөлек, өздеріне бекітілген аумақтардың тазалығын сақтауға салғырт қарап, санитарлық талаптардың бұзылуына жол берген кейбір кәсіпкерлік субъектілері де заң аясында жауапкершілікке тартылды. Құзырлы органдар мұндай фактілерге жол бермеу мақсатында бақылау шараларын күшейтіп отыр.

Қазіргі таңда полиция нарядтары жеке сектор аумақтарында, көпқабатты тұрғын үйлердің аула-

ларында және тұрғындар жиі жиналатын демалыс орындарында қадағалауды күшейткен. Қоғамдық тәртіп пен санитарлық тазалықтың сақталуы тұрақты бақылауда тұр.

Сонымен қатар, Жедел басқару орталығының инспекторлары бейнебақылау камералары арқылы қоғамдық орындарда қоқыс тастау деректерін тәулік бойы тіркеп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруда. Заманауи цифрлық бақылау жүйелері экологиялық тәртіпті қамтамасыз етудің тиімді құралына айналып отыр.

Құқық қорғау органдары тұрғындарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, тазалық сақтау мәдениетін қалыптастыруға және тұрмыстық әрі құрылыс қалдықтарын тек арнайы белгіленген орындарға тастауға шақырады.

МҮНДАЙ ДА БОЛАДЫ

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КӨНЕ ҚАРУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Ұлытау облысында тұрғын үйді жөндеу барысында табылған сирек кездесетін тарихи қару дер кезінде полицияға тапсырылды.

Бұл туралы Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының полиция бөлімі хабарлады.

Оқиғаға сәйкес, жергілікті тұрғын сатып алған ескі үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде белгісіз көне қару тауып алған. Азамат заң талаптарын сақтай отырып, қауіпті затты бірден құқық қорғау органдарына хабарлап, полиция қызметкерлеріне тапсырған.

Мамандардың тексеруі барысында табылған бұйымның қарапайым қару емес, әлемдік қару-жарақ тарихында өзіндік орны бар Browning Auto-5 тегіс ұнғылы жартылай автоматты мылтығы екені анықталды. Бұл қару әйгілі конструктор Джон Мозес Браунингтің туындысы болып саналады. Ол алғаш рет 1898 жылы құрастырылып, 1905 жылдан бастап әскери құрылымдар мен құқық қорғау органдарының қолданысына енгізілген. Сондай-ақ, бұл үлгі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында да кеңінен пайдаланылған тарихи қарулардың бірі ретінде белгілі.

Қазіргі уақытта табылған қаруға қатысты баллистикалық сараптама алғаны айтылды. Мамандар оның нақты шығарылған кезеңін және қандай да бір қылмыстық оқиғаларға қатысы бар-жоғын анықтау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Полиция қызметкерлері қаруды өз еркімен тапсырған азаматқа алғыс білдіріп, оның әрекеті заң талаптарын сақтаумен қатар, қоғамдық қауіпсіздікке бейжай қарамайтын жауапты көзқарастың көрінісі екенін атап өтті. Тәртіп сақшылары мұндай жағдайда азаматтардың дұрыс шешім қа-



былдауы ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Сонымен қатар, құқық қорғау органдары заңсыз сақталған қару-жарақтарды, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар, егер олардың әрекетінде өзге құқық бұзушылық белгілері болмаса, қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылатынын еске салды.

Мамандардың айтуынша, ескі үйлер мен тарихи нысандар тек тұрмыстық заттарды ғана емес, кейде өткен дәуірдің құнды жәдігерлері мен қауіпті заттарын да сақтауы мүмкін. Осындай байланысты тұрғындарға күмәнді немесе белгісіз заттар табылған жағдайда бірден «102» арнасына хабарласу қажеттігі ескертіледі.

НАШАҚОРЛЫҚ – ДЕРТ

Ұлытау облысында халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай «Спорт – есірткіге қарсы» атты ауқымды спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бұл бастама өңірдегі құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асты.



«СПОРТ – ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ»

Шараны Ұлытау облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы ұйымдастырды. Негізгі мақсат – жасөспірімдерге есірткінің зиянын тек теориялық тұрғыда түсіндіру емес, оны спорттық белсенділік пен командалық рух арқылы терең ұғындыру болды.

Жарыс спорт алаңында өтіп, оған мектеп оқушыларынан құралған 6 команда қатысты. Қатысушылар ептілік, жылдамдық және командалық ауызбіршілік бойынша сынға түсіп, өзара мықтыны анықтады. Бәсеке барысында жастардың белсенділігі мен жеңіске деген жігері ерекше байқалды.

Іс-шараға полиция қызметкерлерімен қатар профилактикалық жас мүшелері мен еріктілер де қатысты. Олар жасөспірімдермен ашық формада пікір алмасып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын жан-жақты түсіндірді. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын

арттырып, зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал ететінін атап өтілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама жастарды спортқа баулумен қатар, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне және дұрыс өмірлік тандау жасауына жол ашды. «Біздің мақсат – ескеден ұрпақтың спортты таңдап, сергек әрі белсенді өмір салтын ұстануына ықпал ету», – деді шараны ұйымдастырушылар.

Сонымен қатар, полиция өкілдері алдағы уақытта да жастар арасында нашақорлықтың және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған осындай креативті әрі тәрбиелік мәні жоғары жобалар жалғастырынып жеткізді.

Шара соңында белсенді қатысушылар мен жеңімпаз командалар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бұл күн жастар үшін тек спорттық бәсеке ғана емес, салауатты өмірге деген жаңа серпін берген маңызды оқиға ретінде есте қалды.

Бетгі баптаған Ізбасар ОЙБАС.

АЛ, КЕРЕК БОЛСА

ЗАҢСЫЗ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНҒАН КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Ұлытау облысында полиция қызметкерлері интернет арқылы заңсыз қызмет ұсынып, азаматтарды алдаған күдіктіні ұстады.

Бұл туралы Ұлытау облысы полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы мәлімдеді.



Тергеу деректеріне сәйкес, Сәтбаев қаласының тұрғыны әлеуметтік желілер мен интернет платформалар арқылы азаматтарға жүргізуші куәлігін заңсыз жолмен алуға көмектесетінін айтып, жалған қызмет ұсынған. Күдікті сенімге кіріп, азаматтардан ақша алғаннан кейін олармен байланысын үзіп отырған.

Қазіргі таңда аталған дерек бойынша 20-ға жуық жәбірленуші анықталды. Алаяқтық

фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Құқық қорғау органдары істің барлық мән-жайын анықтау жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Полиция өкілдері азаматтарға Қазақстан Республикасында жүргізуші куәлігін тек заңда белгіленген тәртіптен ғана алуға болатынын ескертті. Бұл процесс арнайы оқу курсынан өтулі, теориялық және тәжірибелік емтихан-

дарды сәтті тапсыруды және құжаттарды халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы рәсімдеуді қамтиды.

Сондай-ақ, мамандар оқу-сыз және емтихансыз жүргізуші куәлігін «дайындап беруді» ұсынатын кез келген қызмет түрі заңға қайшы екенін және алаяқтықтың айқын белгісі болуы мүмкін екенін атап өтті. Мұндай ұсыныстарға сену азаматтардың қаржылық шығынға ұшырауына және құқықтық мәселелерге тап болуына әкелуі ықтимал.

Осыған байланысты полиция тұрғындарды барынша қырағы болуға, күмәнді интернет-жарнамалар мен әлеуметтік желідегі заңсыз ұсыныстарға сенбеуге шақырады. Егер осындай алаяқтық фактілеріне тап болған жағдайда азаматтар дереу «102» нөміріне хабарласуы тиіс.

Құқық қорғау органдары интернет кеңістігінде жасалатын қылмыстардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейтіп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жалғастырып келеді.